Имидж политического лидера (несмотря на определенный характер своей универсальности по сравнению с его носителем) обладает некоторой степенью абстрактности, схематичности, упрощенности и динамичности. Например, его динамичность проявляется в том, что он оперативно реагирует на новые требования, а значит, может мобильно (в соответствии с новой политической, социальной, экономической или какой-либо другой ситуацией) оказать влияние на «неосознанные» требования субъектов восприятия. Кроме того, имидж представляет собой в известном смысле «полуправду», то есть он задает определенные направления для «домысливания» в соответствии с имеющимся социальным опытом субъекта. Стереотипы и ассоциации, которыми люди наделяют объект восприятия (хотя и они не всегда совпадают с настоящими качествами), также играют немаловажную роль в формировании имиджа. Все это в целом касается именно содержания имиджа человека, поскольку речь идет об интеграции его социальных, профессиональных, психологических и собственно относящихся к его внешнему облику характеристик. С одной стороны, имидж – это сумма нескольких отдельно взятых впечатлений, которые производит человек на окружающих его людей, с другой – это косвенные мнения, которые появились от общения с ним, в результате его встреч, выступлений в СМИ. А.Ю. Панасюк предлагает подобного рода информацию называть косвенной имиджформирующей информацией, то есть это та информация, которую получает человек из третьих рук [6]. К источникам косвенной имиджформирующей информации можно отнести сплетни, слухи, журнальные и газетные статьи, высказывания каких-либо мнений о человеке другими авторитетными лицами и т.д. Именно такой способ во многом определяет репутацию политика. Наряду с этим, он же может в определенной степени направлять установки по отношению к политике, тем самым оказывая определенное влияние задолго до непосредственного впечатления от встречи с ним.

*Список использованной литературы:*

- 1 Щербинина Н.Г. Теории политического лидерства: учеб. пособие. – М.: Весь мир, 2004. – 181 с.
- 2 Гозман Л.Я., Шестопал Е.Б. Политическая психология. – М.: Мысль, 2007. – 398 с.
- 3 Почепцов Г.Г. Имиджмейкер. – Киев: Антиква, 1995. – 220 с.
- 4 Жмыриков А.Н. Как победить на выборах? – Обнинск, 1995. – 198 с.
- 5 Лебедева Т. Путь к власти. Франция: выборы президента / Отв. ред. Я.Н. Засурский – М.: Мысль, 1995. – 201 с.
- 6 Зиновьев А.А. Теплые войны // Материалы международной конференции «Молодежь России перед лицом глобальных вызовов на рубеже веков». – М., 2001. – С.45-49.

МРНТИ 11.01.33

М.Ө. Насимов<sup>1</sup>, Б.Ж. Паридинова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан,  
e-mail: [nasimov\\_m@mail.ru](mailto:nasimov_m@mail.ru)

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан, e-mail: [filosof.sokrat.86@mail.ru](mailto:filosof.sokrat.86@mail.ru)

## РУХАНИ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ

### *Аңдатпа*

Берілген мақалада рухани қауіпсіздік және оның негізгі түсініктеріне ерекше мән беріледі. Рухани қауіпсіздік қоғамның ең маңызды өлшемдерін қорғайтын шарттар жүйесін құрайды. Жаһандану жағдайында рухани қауіпсіздік ең маңызды мәселеге айналып отыр. Сондықтан берілген зерттеу жұмысы рухани қауіпсіздік ұғымын теориялық тұрғыдан түсінудің өзектілігі мен маңыздылығын

дәйектейді. Рухани қауіпсіздіктің қалыптасуы және сақтаудың кейбір теориялық мәселелері ұсынылды. Авторлар қазіргі қоғам үшін өзекті тәуекелділік, руханилық, рухани дүниетаным және дін мәселелеріне ерекше тоқталады. Зерттеу нысаны ретінде рухани қауіпсіздік саналады. Зерттеу пәніне рухани қауіпсіздік және оның негізгі түсініктері жатады.

**Түйін сөздер:** қоғам, тәуекелділік, руханилық, рухани дүниетаным, дін.

*Насимов М.О.<sup>1</sup>, Паридинова Б.Ж.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Казахстан,  
e-mail: [nasimov\\_m@mail.ru](mailto:nasimov_m@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Кызылорда, Казахстан, e-mail: [filosof.sokrat.86@mail.ru](mailto:filosof.sokrat.86@mail.ru)*

## ДУХОВНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И ЕЕ ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ

### *Аннотация*

В данной статье особое внимание уделяется духовной безопасности и ее основным понятиям. Духовная безопасность является системой, которая защищает самые важные аспекты общества. В контексте глобализации духовная безопасность является самой важной проблемой. Поэтому данная работа обосновывает актуальность и важность теоретического осмысления основных понятий духовной безопасности. Представлены некоторые теоретические проблемы становления и сохранения духовной безопасности. Основной акцент авторы сделали на вопросах риска, духовности, духовного мировоззрения и религии, что актуально для современного общества. Объектом исследования является духовная безопасность. Предметом исследования выступают основные понятия духовной безопасности.

**Ключевые слова:** общество, риск, духовность, духовное мировоззрение, религия.

*M.O. Nassimov<sup>1</sup>, B.Zh. Paridinova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Kyzylorda University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan,  
e-mail: [nasimov\\_m@mail.ru](mailto:nasimov_m@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan  
e-mail: [filosof.sokrat.86@mail.ru](mailto:filosof.sokrat.86@mail.ru)*

## SPIRITUAL SECURITY AND ITS BASIC CONCEPTS

### *Abstract*

In this article special attention is paid to spiritual security and its basic concepts. Spiritual security is a system that protects the most important aspects of society. In the context of globalization, spiritual security is the most important problem. Therefore, this work substantiates the relevance and importance of theoretical understanding of the basic concept of spiritual security. Presented some theoretical problems of the formation and preservation of spiritual security. The authors the main emphasis on issues of risk, spirituality, spiritual worldview and religion, which is important for modern society. The object of research is the spiritual security. The subject research is the basic concepts of spiritual security.

**Keywords:** society, risk, spirituality, spiritual worldview, religion.

### **1. КІРІСПЕ**

Әрбір елдің және халықтың болашағы рухани қауіпсіздігінің сақталуымен тікелей байланысты. Келешек бүгіннен де жақсырақ болуы үшін халыққа қажетті материалды және рухани шарттарды қалыптастыру қажет. Ең алдымен әр адамның өмір-салты қауіпсіздігіне ерекше назар аударған жөн. Сондықтан көптеген елдер мемлекеттік саясат жүргізу барысында мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тұлғаның қауіпсіздігіне көңіл бөледі.

Заманауи халықаралық кеңістікте тұрғындардың рухани қауіпсіздігіне қатерлер туындап отырғандығы байқалады. Әскери, экологиялық, террористік, техногендік және табиғи қатерлер



секілді қауіптермен қатар, рухани қиындықтар туындататын, адамның рухани ахуалына нұқсан келтіруі ықтимал қатерлер де орасан зор мәселе. Шынайы рухани құндылықтар мен қоғамға жат уақытша орнын жасыратын идеяларды таңдау мүмкіндігінің болуы рухани өмірдегі қарама-қайшылықтарға әкеледі. Рухани қауіпсіздіктің нысанына барлық рухани қатынастар жатады: көзқарастар, сезімдер, идеялар, табиғат, даралық пен қоғамдық болмысты қабылдау және т.б.

Халықтың әлеуметтенуінде рухани факторлардың рөлі ұдайы артып отырады. Шындығында әрбір ел өзіне лайықты азаматты қалыптастыру үшін салауатты рухани орта құруға әрекет етеді. Әрине қоғамдық өмірдің бұл салаларында күрделі мәселелер өте көп. Мемлекеттер тарапынан түрлі кешенді шаралар жасалғанымен, қоғамда маңызды рухани дағдырыстың бар екендігі жасырын емес.

Бүгінде адамзат баласында рухани әлемнің көмескіленуі және бытыраңқылығы, әлеуметтік құндылықтар жүйесіндегі ауытқу, адамгершілік қасиеттерінің жұтаңдануы, дүниетанымдық көзқарастардың төмендеуі байқалады. Сондықтан рухани дүниетаным түсінігін кеңінен талдау, оның қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше мән беруді қажет етеді.

Қауіпсіздікті зерттеудің негіздері тек әскери тұрғыдан ғана емес, қауіпсіздіктің әскери емес қырларын қарастыруды талап етеді. Қауіпсіздік өлшемі болып табылатын мәдениет қауіпсіздігіне ерекше мән беріледі және оның тұжырымдары былайша өлшенеді: ментальды және рухани (жеке өлшем); құқықтық және ұйымдастырушылық (әлеуметтік өлшем) және материалдық [1]. Негізінен қауіпсіздік мәдениеті адам, отбасы мен қоғам нормалары мен дәстүрлері, құндылықтары, мақсаттарын дамытуды сақтаудың процесі болып табылады. Тиімсіз тәуекелділік, қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндерден сақтануды қамтамасыз ету, мәдени құндылықтар тұрғысында қатерлерді тиімді алдын алу қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан адамның әрекеті процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтау жүйесін жоғары деңгейде дамыту маңызды саналады.

Жалпы берілген мәселенің өзектілігі көптеген себептерге байланысты. Біріншіден, рухани кеңістікте қарама-қайшылықтар күшейіп бара жатыр. Екіншіден, халықаралық қауымдастықта өз мүдделерін көздейтін рухани бәсекелестік артып отыр. Үшіншіден, елдердің бір-біріне рухани өктемдік танытуға ұмтылысы кеңейіп жатыр. Төртіншіден, адам руханилығының төмендігіне байланысты қоғамға жат әрекеттер, түрлі ауыр қылмыстардың орын алуы толастаған жоқ. Сондықтан ғылыми қауымдастықтың рухани қауіпсіздік мәселесіне назар аударуы түсінікті. Мәселелер жан-жақты әр қырынан талдануы зерттеу жұмысының өзектілігін арттырып отыр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауларында қауіпсіздік мәселелеріне ерекше мән береді. Әрбір Жолдауда айтылатын міндеттер қауіпсіздік, оның ішінде рухани қауіпсіздікті сақтаудағы орны зор деп есептейміз. Мәселен, 2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» [2] атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасының ұстанымы мынадай: «Бізде озық техникалық кадрлар, әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымдар болуы тиіс, қоғамдық тәртіп пен адамдардың жеке қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек».

2017 жылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [3] атты Жолдауда экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған бес негізгі басымдықтар арасындағы бесінші басымдық институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты болды.

2018 жылдың басында жарияланған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері [4] атты Жолдауда елімізде жүзеге асып жатқан шаралар Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында көрініс табуға тиіс екендігін тапсырды. Сонымен қатар, 2018 жылдың күзінде жарияланған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» [5] атты Жолдауында Елбасы «Қауіпсіздік тұрмыс сапасының ажырамас бөлігі болып саналады» деп атап көрсетеді. Елбасының 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [6] атты бағдарламалық мақаласы да рухани қауіпсіздікпен қамтамасыз ету және сақтаудың негізі деп түсінеміз.

## 2. ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмысының теориялық негізін айқындауда шет елдік, отандық ғалымдар еңбектеріндегі тұжырымдамалар, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары пайдаланылды. Зерттеудің әдістемелік негізін рухани қауіпсіздік құбылысының пайда болуы, қалыптасуы және дамуындағы зерттеудің жалпы заңдылықтары, қағидалар, тәсілдер мен әдістер жүйелері құрайды. Соның ішінде, танымның диалектикалық әдісі рухани қауіпсіздік мәселесін түрлі деңгейде қарастыруға мүмкіндік берді. Құрылымдық-логикалық модельді пайдалану барысында рухани

қауіпсіздік және оның жеке бөлімдерін жүйелі түрде анықтауға болады. Бұл әдісте рухани қауіпсіздікті қалыптастырудың негізгі қағидаларын қарастыруға мүмкіндік бар. Әлбетте, берілген модель барлық ғылыми талдаудың синтезі болып табылады. Бұл негізгі нәтижелердің логикасы келесі әдістерде көрініс табады: құрылымдау, жүйелеу. Ғылымдағы салыстырмалы талдау – бұл түсініктер жүйесінің мақсат пен міндеттерге жетуге бағытталған процестер өзгерістерін түсіндіру мен суреттеудің мүмкіндіктерін кеңейтетін әлеуетті және әмбебап құрал.

### 3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінде рухани қауіпсіздіктің маңызды категориялары ғылымда әлі де толықтай зерттелмеген. Қауіпсіздік, рухани қауіпсіздік түсініктері ғалымдар арасында жан-жақты талданбағаны байқалады. Дегенмен, көптеген зерттеулерде рухани қауіпсіздік қоғамның рухани саласының ахуалы, мәдениетінің дамуы деңгейімен тығыз байланысты екендігі көрініс тауып отыр. Рухани қауіпсіздіктің ерекшеліктерін түсіну үшін әр елдің стратегиялық бағыттарындағы рухани мүдделер мен қажеттіліктер орнын айқындау қажет. Біздің ойымызша, руханилық адам дүниетанымының негізін қалайтын құндылықтар мен мүдделер жүйесі, дүние, қоғам және өзін-өзі таңуына байланысты көзқарастар жиынтығын құрайды. Осы себептерге байланысты, рухани қауіпсіздік және оның негізгі түсініктерін талдауды жөн санап отырмыз.

Рухани қауіпсіздікпен қамтамасыз ету тұлға мен қоғамның бірегейлігін қорғаудың тетігі. Қоғамдық өмірдің рухани саласы тәуекелділік, руханилық, діни, дүниетанымдық, білім беру және мәдени құрамдастарынан тұрады. Сондықтан әрбір ел өз азаматтарының діни және мәдени бірегейлігін қамтамасыз ету барысында тұлға, қоғам және мемлекеттің тұрақты дамуы үшін кешенді әрекеттер жасай отырып, рухани қауіпсіздік жағдайын қолдауға тырысады.

Кез келген заманауи қоғамның дамуы азаматтардың әл-ауқатын жақсарту және халықты қорғауға бағытталған шаралардан тұрады. Адамдардың жаңа білімдер, технологиялар мен болмыстық өзгерістер иеленуі тәуекелділіктің пайда болуы алғы-шарттарын жасайды. Қоғам дамуының жалғасы адамның өмір-салтымен тығыз байланысты болғандықтан кейбір кезеңдерде тәуекелділіктің артуы орын алады. Сондықтан адамзаттың даму тарихында қауіпсіздік мәселесі үнемі маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде саналды. Қазіргі заманда тәуекелділік бүкіл қоғамдық қатынастардағы айнымас ықпал етудің белгісі. Демек қауіпсіздік түсінігі тәуекелділік ұғымымен тығыз байланысты деп ойлаймыз.

Заманауи әлемде адамның рухани әлеміне қатер тудыратын тәуекелдер мен қатерлер өте мол және рухани қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз ету үшін тиімді әдістер мен құралдар қажеттілігі байқалады. Бұл үшін адамның рухани әлеміне нақты ішкі және сыртқы қатерлерден қорғау тетіктерін ұйымдастыру керек. Тетіктер мемлекетке ішкі және сыртқы күштерден қорғануға септігін тигізеді. Тұлғаның рухани дүниетанымына қауіп төндіретін көздерді жою жүйелерін құру қажет. Бұл үшін ел тұрғындарын өзара қатынастарды байланыстыра отырып жұмылдырған тиімді көрінеді. Сонымен қатар, тұлғаның өзін-өзі сақтауы мен өзін-өзі реттеп отырудың тиімді жолдарын қалыптастыру мен дамыту да өзекті мәселелер қатарында. Қоғамның барлық салаларына қажетті бұл әрекеттер шын мәнісінде рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

М.Дуглас және А.Уайлдавски [7] бірлескен еңбегінде айтылғандай, тәуекелділіктің дербес дұрыс тұжырымдасының болмауына байланысты оны толықтай қабылдаудың тәсілі де жоқ. Осы пікірге сәйкес ғалымдар зерттеу жұмысының басты теориялық қорытындыларын жасайды. Тәуекелділікті болашақ туралы білу және қалаулы басымдықтармен келісімнің жиынтығы ретінде қарастырғанды жөн санайды. М.Дуглас [8] кейінгі зерттеуінде апаттардың саяси интерпретацияларына ерекше мән береді. Тәуекелділік тұжырымдамасы мінеуші ресурс түсінігін қолдануына байланысты осы заманның тірек идеясы саналады. Осылайша тәуекелділік күнә, бақытсыздықтың себебі дәстүрлі түсінігін ауыстырды. Ғалым өз еңбектерінде тәуекелділікті талдаудың мәдени-символикалық, даму бағытын құра білді.

Э.Гидденс (9) бойынша тәуекелділік туралы ойлау және оны бағалау заманауи қоғам мүшелері үшін көрінбейтін, бірақ күнделікті айналысатын іс-әрекет болып табылады. Модерн табиғатына қайта мән беру әлеуметтік талдаудың іргелі алғышарттарын қайта қараумен тығыз байланысты екендігін дәйектейді. Оның пайымдауынша, тәуекелділік феноменін әлеуметтік өмірдің дәстүрлі түрлеріне тән онтологиялық қауіпсіздік бұзады. Белгісіздік ахуалында әрекет ететін адамдар үнемі өздерін қатерлерден тұратын қауіпке итереді. Тәуекелділік пен қауіп синоним еместігін дәйектей келе, тәуекелділіктің белгісіз ахуалдары қауіптер мен мүмкіндіктер құратындығын айқындайды. Сондықтан қоғам тәуекелділігі жағдайында тіршілік ету өмірде ұшырасатын әрекеттердің позитивті және

негативті мүмкіндіктерімен кездеседі.

Танымал әлеуметтанушы Н.Луман [10] да өз еңбектерінде тәуекелділіктің теориясына ерекше тоқталады. Оның пікірінше, тәуекелділік шығын дәрежесінің көбеюі және шығын ықтималдылығы жолымен анықталады. Заманауи тәуекелділік жағдай рационалды/иррационалды мазмұнына мүлдем енбейді. Қабылданған шешімдер әрдайым тәуекелдік салдарымен байланысты. Осы салдар бойынша қабылданатын кейінгі шешімдерде жаңа тәуекелділік тудырады. Сондықтан қазіргі қоғамдағы ахуал тәуекелділіктен арыла алмайтындығы белгілі болып отыр. Ғалымның тұжырымдауынша, заманауи тәуекелділікке бағытталған қоғам тек ғылыми және технологиялық жетістіктерді сезінудің жемісі емес. Оның түбірі зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту мазмұнында жатыр.

«Hazards, Risks, and Disasters in Society» [11] атты еңбекте қоршаған ортадағы апаттармен байланысты қоғамдық, тарихи, саяси және экономикалық сарындағы мәселелерге талдау жасалады. Жеке және корпоративті мәдениет адамдардың тәуекелділікке осал немесе тұрақты екендігін танытады. Нығайған қоғам ахуалды жеңілдетуімен байланысты адамзат тәуекелділігі жоғары деңгейде экологиялық, әлеуметтік және экономикалық деградацияның одан арғы ықпалына ұшырайды. Сондықтан қоршаған ортадағы қауіптердің қоғамдағы тәуекелділік пен апаттар арасындағы өзара байланыстарын терең зерттеу маңызды.

Өз кезегінде руханилық анықталуы күрделі тұжырымдама. Ол дүние мен адамдағы рух көрінісінің жиынтығы болып табылады. Ғалымдардың басым бөлігі руханилықты адамгершілік құндылықтары мен дәстүрлерінде көрініс табатын, діни ілімдер мен тәжірибеде топтасқан қоғамды біріктірудің бастауы ретінде көрсетеді. Адамның дербес санасында руханилық ар-ұжданмен тығыз байланыста болса, осы руханилық діни насихат, ағартушылық, тәрбие беру жұмыстары арқылы жүзеге асады. Күнделікті өмірде руханилықтың мынадай көріністері бар деп ойлаймыз: отбасы қатынастарында ата-аналар балаларына қоғам құндылықтарына сай тәрбие береді; діни сенімде руханилық айқындалады және дамиды; білімді азамат өзінің талғампаз және дамыған парасатымен руханилықты иеленеді; өнер туындылары руханилықтың дамуына қуат береді; мұқтаж адамдарға риясыз көмек беруді көздейтін қайырымдылық жасау руханилықты арттырады; қоғамдағы адамгершілік, этикалық қағидаларды сыйлау, заңға бағынушылық руханилықтың көрсеткіші саналады.

Отандық ғалымдар Қ.М. Нағымжанова, Н.М. Іргебаева және А. Оқайдың пікірінше, «Руханилық табиғатта жоқ нәрсе. Бұл жеке адамның ерекшелігі – оның ішкі дүниесінің байлығы, мейірімділігі, байсалдылығы, адалдығы, тұлғаның өзі мен қоршаған орта алдындағы үйлесімділігін айтамыз» [12]. Демек, бұл ерекшеліктер тұлғаның рухани дүниетанымын қалыптастырады. Адамның рухани дүниетанымы кеңейген сайын қоғамның рухани қауіпсіздігіне қауіп-қатер азаяды.

Руханилық тұлғаның бостандығымен қатар, ұлт еркіндігі мен тәуелсіздігін сақтайды. Әлеуметтік эволюцияны зерттеу әлеуметтік процестер эволюциясының тарихи, рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтары жүйесіндегі өзгерістерін анықтайды. Сәйкесінше, тәуекелділік, синтегеуріндер мен қатерлер ахуалындағы қоғам дамуының динамикасы айқындалады [13]. Сондықтан руханилық тұлға құндылығының кемелденуімен байланысты және жеке қызығушылықтардан бас тартатын, өзін-өзі танумен өзара байланысты бірегей жеке тәжірибе. Руханилыққа күнделікті қауіп-қатерлер қоғам құндылықтарын өзгерту арқылы беріледі.

Рухани қауіпсіздік мәселесіне арналған еңбектер арасынан В.Фаллоу [14] еңбегін ерекше атауымызға болады. Еңбек мынадай негізгі бөлімдерден тұрады: Қауымдастықтар бірлестігі; Көршілестік: Топтардың жәрдемдесуі; Отбасы: қауіпсіздік қайдан басталады; Адамдармен жұмыс жасау; Қауымдастық көзқарасындағы церковь; Церковь-Отбасылық қатынастар; Отбасы мен Церковьтың бірлігі және Қорытынды. Еңбекте көрсетілген қауымдастықтар бірлестігі, көршілестік, отбасы, жұмыс, дін орындары, діни-отбасылық қатынастар рухани дүниетаным шеңберінде ел бірлігін арттырады деп ойлаймыз.

Д.Рогозинның жалпы редакциясында жарық көрген «Война и мир» әскери-саяси сөздігінде ұғымға төмендегідей анықтама беріледі: «Рухани қауіпсіздік ұлттың өзін-өзі тануын сапалық деңгейде көрсететін, қоғамның өмір-салтының дәстүрлері, оның мәдениеті мен тарихын, моральды-саяси бірлігі деңгейін танытатын ұлттық қауіпсіздіктің құрамдасы. Рухани қауіпсіздік қоғамның үкіметтің ішкі және сыртқы саясаттағы негізгі бағыттарын қолдау мен билікке сенімділікті білдіретін мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуі мүмкін. Рухани қауіпсіздік деңгейі қоғам мен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік сын-тегеуріндерінің пайда болуы барысындағы ішкі қорларды жедел түрде жұмылдыру қабілетін анықтайды. Рухани қауіпсіздік деңгейі қоғамдағы дүниетаным, адамгершілік, дін, ұлттық идея, патриотизм мен тарихи жадының дамуы, ақпараттық қауіпсіздік пен бұқаралық

коммуникация құралдарының қызметіне байланысты. Халықтар мен мемлекеттердің қасіреті, олардың руханилығының құлауы қоғамдық санаға жат идеялар, құндылықтар және оған жетудің тиімсіз тәсілдерін енгізумен басталады. Сондықтан рухани қауіпсіздікпен қамтамасыз ету биліктің басымдығы мол міндеті болып табылады. Өйткені, ол ұлттың моральды рухы, тарихи міндеттерді шешу қабілетін көрсетеді» [15].

Отандық ғалым С.И. Манапованың пікірінше, «Қоғамдық қауіпсіздікті сақтаудың бірден-бір шарты – рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Руханилық – Қазақстанның ұлттық мүддесінің бір бөлігі. Оларды қорғау үшін елді әскери, ақпараттық, әлеуметтік, экономикалық қауіпсіздікпен қатар жүретін, солардың ұйытқысы болатын рухани қауіпсіздікпен қамтамасыз ету керек. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігінің рухани негізі – оның тұрақты дамуына түрті болады. Рухани қамтылмаған елдің мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарының бұзылуына және халықтың рухани денсаулығы құлдырайды. Яғни рухани қауіпсіздік – адамның рухани экологиясын қорғау болып табылады. Рухани өмір – жеке адамның өзін-өзі тану мен өзін-өзі жасауы. Рухани қауіпсіздік – қоғамның ең маңызды өлшемдерін қорғайтын шарттар жүйесі. Бұл өлшемдерден шығу қоғамының біртұтастығын бұзып, оның рухани-адамгершілік негіздерін құртады. Наполеон: «ар-ұяттың төмендеуі – мемлекеттің саяси тұтастығын құлдыратады» деген сөздері бекер айтылмаған. Егер ұлттық рухтың ұясы – тіл десек, тілінен, ділінен, мәдениетінен айырылған ел, мемлекет болудан қалады.

Сондай-ақ, рухани қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің ерекше құраушы бөлшегі. Руханилық ұлттық қауіпсіздіктің ұйытқысы. Рухани қауіпсіздіктің объектісі адамдардың әлемді, табиғатты және қоғамдық болмысты қабылдауындағы сезімдері, бағыт-бағдарлары.

Рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін төмендегі шарттарды орындау керек: 1) қазақ тілін дамыту, оны әлемдік тілдер қатарына қосу, өркениет тіліне айналдыру.

2) мәдени, рухани-адамгершілік, тарихи салт-дәстүрлерді сақтау және дамыту.

3) халықты рухани тәрбиелеу негізінде мемлекеттік саясатты жүргізу» [16].

Жалпы руханилық, рухани дүниетаным және рухани қауіпсіздік бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Руханилықтың дамуы адамның рухани дүниетанымының дамуына әкеледі. Руханилығы жоғары және рухани дүниетанымы кең адам қоғамға жат әрекеттер жасамайды. Өкінішке орай жеңіл табыс іздеу мақсатында түрлі қылмыстық әрекеттерге бару, сыбайлас жемқорлықтың өршуі қоғамда белең алып отыр. Бұл қоғам мүшелерінің рухани дүниетанымының төмендігіне байланысты деп ойлаймыз. Егер адамдар тарапынан мұндай жағдайлар орын алмаса, рухани қауіпсіздікке қатер төнбес еді.

Адамның рухани дүниетанымы әлемі өз құрылымында адамзат қоғамы секілді бөлшектенеді. Адамдардың рухани көзқарастары қоғамда өмір сүретін адал ниетті, заңға бағынатын азаматтар, бейтарап және маргиналды топтардың пікірлерінен құралады. Рухани әлемнің өзіне тән заңдылықтары болады. Осы заңдылықтарды ұстанған дәстүрлі діндер адамдар тарапынан қолдау тауып отыр. Діни құндылықтарды бұрмалайтын топтар рухани жағынан, құқықтық жағынан болсын заңсыз болып табылады. Деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар үнемі рухани заңдылықтарды елемейді, қарсы шығады. Бұл әрекеттерімен олар тек адамгершілік заңдылықтарымен қатар, мемлекет заңдарын да бұзуы ықтимал.

XXI ғасыр ғылым, дін мен руханилықтың тоғысу мүмкіндіктерін арттырды. Бұл мәселелерді түрлі көзқарастар мен теориялар шеңберінде айқындайтын еңбектер саны аз. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін Ф.Л. Шульц пен С.Ж. Сэндидж [17, 18] руханилықтың трансформациясына арналған еңбекті жарыққа шығарды. Авторлар рухани трансформация нысанына психология мен діни ілімдер шеңберінде мән береді. Реляциялық интеграцияның әдістемелік тәсілі процестер мен контент деңгейінде анықталды. Модель рухани жуықтықтың мақсаты мен мәдениетаралық әділдік міндеттерінің дамуына мән бере отырып бірлеседі.

Дін мен руханилық көпшілік адамдар үшін маңызды. Рухани және діни ахуал көрсетіп тұрғандай, дінмен байланысы жоқ адамдар өздерін дінге қарағанда руханилықпен байланыстырады. Көптеген азаматтар дін мен рухани сауалдардың психотерапияда қозғалғанын қалайды. Бірақ діни және рухани мәселелер психотерапияда көп талданбайды [19].

Діни сенім әрбір адам мен азаматтың жеке шаруасы. Мұнда әрбір қоғам мүшесінің руханилығы мен рухани дүниетанымы арқылы діни көзқарастары қалыптасады. Рухани қауіпсіздіктің діни қағидалары бойынша көптеген талдаулар көрсетіп отырғандай, зерттеу нәтижелері заманауи ахуал талаптарына сай болуы керек. Рухани қауіпсіздік пен дін арасындағы өзара байланыстарды зерттеу үшін алдағы уақытта мемлекет, қоғам мен тұлға қауіпсіздігі мәселелерін философиялық негіздерге

сүйене отырып жалғастырған жөн деп ойлаймыз.

Заманауи шарттарда рухани қауіпсіздік және оның түсініктерінің әр түрлілігі адам әлемі жұмбағын шешуден туындады. Қазіргі қоғамдық қатынастардағы трансформация, құндылықтардың қайта өзгерісі тұлғаның моральдық ерекшеліктері мен мәдени көзқарастарына байланысты болып отыр. Осы себептерге байланысты, жаһандану, ақпараттандыру, компьютерлендіру процестерінің құбылмалы үрдістері мен қоғамның қауіпсіздігі саласының ерекшеліктерін ұмытпауымыз қажет. Өйткені рухани қауіпсіздік алдағы уақытта да ұлттық қауіпсіздіктің негізгі бөлшегі болып қала береді.

#### 4. ҚОРЫТЫНДЫ

Әрине, бір мақала шеңберінде рухани қауіпсіздік және оның негізгі түсініктерін талдау мүмкін емес. Мәселені талдау мақсатында жүргізілетін көптеген зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру алдағы уақыттың еншісінде деп ойлаймыз. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, әрбір қоғамның рухани саласын қарастыру барысында оның қорғалуындағы негізгі субъектілерді бөліп көрсету қажет. Бұлардың қатарына ұлттық мәдениет, білім, ғылым, өнер және бұқаралық ақпарат құралдары да жатады деп ойлаймыз. Себебі бұл салалар қоғамға рухани өндірістің өнімдерін ұсынады.

Заманауи қоғамдағы ақпарат адамның санасына ықпал ете отырып, оның интеллектісі, көңіл-күй келбеті мен қалауының қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Азаматтар бұқаралық ақпарат құралдарынан тәуелсіз болып көрінетін мәліметтерді алады. Бұл өз кезегінде іс жүзіндегі оқиғалар мен фактілерді сараптауға мүмкіндік береді. Ақпарат пен мәлімет ұсынушылар манипуляциялық технологияларды қолдану арқылы жеке, топтық және қоғамдық санаға әсер етеді. Берілген ақпараттар легі тұлғаның және тұтас халықтың ұлттық рухани әлемі мен кеңістігін құрады немесе жоя да алады. Бірақ, қоғамды рухани қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін манипуляциялау технологияларын қолдану қауіпті болмақ.

XXI ғасыр адамзаттың қоғамдық дамуындағы дүниетанымдық парадигмалардың тарихи өзгерістеріне әкелді. Адамның рухани денсаулығына қатер тудыратын рухани дағдарыс ахуалы да күннен-күнге өзекті болуда. Негізінен адамның рухани денсаулығы азаматтың белгілі бір рухани құндылықтарды бәрінен артық құрметтеуімен өлшенеді. Адам денсаулығы мықты болғанымен, ол адамның рухани денсаулығын ауыстыра алмайды. Жалпы адамның рухани денсаулығы оның ойлау жүйесі, қоршаған орта мен оның мүшелері, оқиғалар, ахуалдар, қоғамдағы өз орнымен тығыз байланысты. Рухани денсаулықтың нығаюы қоршаған ортамен келісімде өмір сүру икемділігі, түрлі ахуалдарды талдау және оның дамуын болжау қабілеті арқылы жетеді. Түрлі ахуалдарда қажеттілік, мүмкіндік пен ықыласты назарға алумен өзін-өзі ұстауы да ескеріледі. Демек, жаһанданған әлеуметтік кеңістіктегі тұлғаның рухани мәдениеті басымдығының қоғамның рухани қауіпсіздігімен байланысты мәселесі де ерекше. Әрине, рухани дағдарыстың қалыптасуына қоғам мен қоршаған ортадағы көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Атап айтар болсақ, саяси, идеологиялық, моральды-этикалық, ұлттық дағдарыстарды туындататын қоғамдық жүйелердегі күйзелістер адамдардың тұрмыс-салтын өзгертеді. Бұдан бөлек отбасы, еңбек ұжымы сынды басқа да кіші әлеуметтік қауымдастықтарда орын алатын дағдарыстық құбылыстар да ықпал ететіндігі анық. Сондықтан рухани қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін рухани дағдарысты шешу бойынша ізденістер жасалуы керек. Сонымен қатар, рухани дағдарысты төмендетуге бағытталған шаралар кешенін де әзірлеу маңызды деп ойлаймыз.

Рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қоғамның руханилығын сауықтыру бойынша түрлі шаралар ұйымдастыру қажет. Әсіресе халықтың рухани-адамгершілік негізін қайта құру барысында мифологиялық, діни, философиялық, күнделікті, ғылыми, гуманистік дүниетаным түрлерін қалыптастырған жөн деп санаймыз. Рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында дүниетаным плюрализмі, соқыр сенім, даралық, адамгершілікке жат мінез-құлық, өзімшілдікті насихаттау бойынша жұмыстардың жүргізілуін тежеу керек. Руханилықты дамытудың жолдары мынада деп ойлаймыз: руханилықты дамыту үшін сеніммен қатар дұрыс діни уағыздар жолымен жүру; рухани байлықты толықтыру үшін жаңа білімдер иелену; эгоизм, ақымақтық, немқұрайлылық, енжарлықпен тұрақты түрде жұмыс жасау; руханилық көрсеткіштерінің бірі саналатын ауыр халге ұшыраған адамдарға қол ұшын беру; рухани бай адамдармен (біздің ойымызша, дін қызметкері, ұстаз, ғалым, өнер адамдары және т.б.) араласу және олардың өмірлік тәжірибесі мен білімдерінен сабақ алу.

Қорыта айтқанда, рухани қауіпсіздікті қоғамда қалыптасқан ережелер мен қағидаларға сәйкес келетін тұлғаның рухани-адамгершілік қағидалары мен құндылықтарын сақтауды қамтамасыз ететін шарттардың жүйесі деп түсінеміз. Адамның рухани дүниетанымы, тұлғаның әрекеті, әлеуметтік

мінез-құлқы, қоғамдық өмірі мен мәдениетінің дамуы осы рухани қауіпсіздіктің сақталуында жатыр. Сондықтан рухани қауіпсіздікті тұлға, қоғам және мемлекеттің рухани саласындағы ішкі және сыртқы қатерлерден қорғану жағдайы деп түсінеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Piwowarski J. *Three pillars of security culture // Security Dimensions. International and National Studies.* – 2015. – №14. – P. 10-16.
- 2 Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2015. – 1 желтоқсан.
- 3 Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2017. – 31 қаңтар.
- 4 Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2018. – 10 қаңтар.
- 5 Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2018. – 6 қазан.
- 6 Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан.* – 2017. – 12 сәуір.
- 7 Douglas M., Wildavsky A. *Risk and Culture: An Essay on the Selection of Technical and Environmental Dangers: monograph.* – Berkeley: University of California Press, 1982. – 224 p.
- 8 Douglas M. *Risk Acceptability According to the Social Sciences: monograph.* – New York: Russell Sage Foundation, 1985. – 128 p.
- 9 Giddens A. *Modernity and Self-identity: Self and Society in the Late Modern Age: monograph.* – Cambridge: Polity Press, 1991. – 256 p.
- 10 Luhmann N. *Soziologie des Risikos.* – Berlin, New York: Walter de Gruyter, 1991. – 256 s.
- 11 Shroder J., Collins A., Samantha J., Manyena B., Jayawickrama J. *Hazards, Risks, and Disasters in Society.* – London: Elsevier, 2015. – 424 p.
- 12 Нағымжанова Қ.М., Іргебаева Н.М., Оқай А. *Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани-ізгілік тәрбие берудің теориялық негіздері // Қазақ білім академиясының Баяндамалары.* – 2018. – №2. – 61 б. – 58-64 бб.
- 13 Avazov K.Kh. *Spiritual Aspects of Formation of a Threatening Resistant Society // Journal of Socialomics,* 2017. – №6 (4). – P.214.
- 14 Fallaw W. *Toward Spiritual Security: monograph.* – Philadelphia: Westminster Press, 1952. – 192 p.
- 15 *Духовная безопасность // <http://voina-i-mir.ru/> [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://voina-i-mir.ru/article/29>.*
- 16 Манапова С.И. *Рухани қауіпсіздік объектісі, пәні және жүйесі (теориялық-әдістемелік талдау) // «Әлеуметтік-саяси ғылымдар: мәселелер мен ойлары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.* – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2010. – 331 б. – 574 б.
- 17 Shults F.L., Sandage S.J. *Transforming Spirituality: Integrating Theology and Psychology: monograph.* – Michigan: Baker Academic, Grand Rapids, 2006. – 300 p.
- 18 Sandage S.J., Shults F.L. *Relational spirituality and transformation: A relational integration model // Journal of Psychology and Christianity.* – 2007. – №26(3). – P.261-269.
- 19 Vieten C., Scammell S., Pilato R., Ammondson I., Pargament K.I., Lukoff D. *Spiritual and Religious Competencies for Psychologists // Psychology of Religion and Spirituality.* – 2013. – №5(3). – P.129-144.

Калиев И.А.<sup>1</sup>, Ельмуратов Г.Ж.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ПГУ им. С.Торайгырова, г. Павлодар  
[kaliev7719@mail.ru](mailto:kaliev7719@mail.ru), [e\\_gani\\_g@mail.ru](mailto:e_gani_g@mail.ru)

## «КАЗАХСТАНСКАЯ ИДЕЯ» КАК ФАКТОР ВНУТРИПОЛИТИЧЕСКОЙ СТАБИЛЬНОСТИ И ДАЛЬНЕЙШЕГО РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И ГОСУДАРСТВА

### Аннотация

В статье анализируется становление новой общенациональной системы ценностей и разрешения противоречий общественного сознания. В данной работе казахстанская идея рассматривается как форма разрешения социальных противоречий, ценностно-нормативное определение, как понятие, включающее универсальное и интегративное содержание, способствующее внутреннему единству, устойчивости и стабильности казахстанского транзитного общества. При исследовании темы «казахская национальная идея» логично обратиться к опыту других народов, перед которыми на определенных этапах истории стояла аналогичная задача.

Необходимо обобщать и изучать опыт других стран и народов по поиску национальной идеи. Основываясь на данном опыте, можно выявить характеристические черты, сущность казахстанской идеи.

Для обоснования национальной идеи нужно определить ее основные субъекты, интересы которых она должна отстаивать и защищать в рамках единого унитарного государства. Исследователи констатируют, что сегодня казахская идея трансформировалась и осуществилась в форме Казахстана как суверенного национального государства. Казахская национальная идея призвана способствовать внутреннему единству, устойчивости и стабильности общества, сплочению и взаимопониманию, тем самым укреплению независимой государственности. Она должна содействовать разрешению противоречий между интересами различных этносов, конфессий, социальных слоев с тем, чтобы образовалась социально-экономическая, политическая, а главное – духовно-нравственная целостность, составляющая весь казахстанский народ. На карте мира появилось суверенное независимое государство, заявившее о себе во весь голос на международной арене, ставшее полноправным партнером демократического сообщества государств. Делается вывод, что казахстанская модель национальной идеи включает как этнокультурные концепции нации, так и гражданские.

**Ключевые слова:** общественное сознание, демократизация, национальная идея, полиэтничность, идентичность.

И.А. Калиев<sup>1</sup>, Г.Ж. Ельмуратов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>С.Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
[kaliev7719@mail.ru](mailto:kaliev7719@mail.ru), [e\\_gani\\_g@mail.ru](mailto:e_gani_g@mail.ru)

## «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИДЕЯ» АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

### Аңдатпа

Мақалада жалпыұлттық жүйенің қалыптасуы мен қоғамдық сананың қарама-қайшылықтарын жою мәселесі талданған. Аталмыш жұмыста қазақстандық идея әлеуметтік қарама-қайшылықтардың құлдырауы, құндылықтық-нормативтік анықтамалар, қазақстандық тарнзиттік қоғамның негізгі формасы ретінде қарастырылады. «Қазақстандық ұлттық идея» тақырыбын зерттеуде өзге халықтардың тәжірибесіне сүйенген дұрыс.

Ұлттық идеяның ізденуге өзге халықтардың тәжірибесін пайдаланған дұрыс. Олардың тәжірибесіне сүйене отырып, қазақстандық идеяның сипатын, болмысын анықтауға болады.

Ұлттық идеяны анықтауда оның негізгі субъектілерін, мүдделерін нақтылаған жөн. Зерттеушілердің пікірінше, бүгінгі күнде қазақ идеясы егеменді ұлттық мемлекет ретінде қалыптасты. Қазақстандық ұлттық идея ішкі бірлікке, қоғамның тұрақтылығына, өзара түсіністікке әкеледі. Ол түрлі этностар арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге, түрлі этностар мен конфессиялардың мүдделерін қорғауға, соның ішінде – рухани-адамгершілік құндылыққа септігін тигізбек. Әлем картасында егеменді тәуелсіз мемлекет деп жариялаған, халықаралық сахнада орын теуіп орналасқан мемлекет пайда болды. Ұлттық идеяның қазақстандық моделі ұлттық этномәдени тұжырымдамасын, сонымен қатар азаматтық тұжырымдаманы қамтиды.

**Түйін сөздер:** қоғамдық сана, демократизация, ұлттық идея, көпэтникалылық, бірегейлілік.

*I.A. Kaliyev<sup>1</sup>, G.Zh. Elmuratov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PSU named after S.Toraighyrov,  
kaliyev7719@mail.ru, e\_gani\_g@mail.ru*

## **«KAZAKHSTANI IDEA» AS A FACTOR OF DOMESTIC POLITICAL STABILITY AND FURTHER DEVELOPMENT OF CIVIL SOCIETY AND THE STATE**

### *Abstract*

The article analyzes the formation of a new national system of values and the resolution of contradictions of public consciousness. In this paper, the Kazakhstani idea is considered as a form of resolving social contradictions, a value-normative definition, as a concept that includes universal and integrative content that promotes internal unity, stability and stability of Kazakhstan's transit society. In the study of the theme «Kazakh national idea» it is logical to turn to the experience of other peoples, who faced a similar task at certain stages of history.

It is necessary to generalize and study the experience of other countries and peoples in the search for a national idea. Based on this experience, it is possible to identify the characteristic features, the essence of the Kazakhstani idea.

To substantiate the national idea, it is necessary to define its main subjects, whose interests it should defend and protect within the framework of a single unitary state. Researchers state that today the Kazakh idea has been transformed and realized in the form of Kazakhstan as a sovereign national state. Kazakhstani national idea is designed to promote internal unity, stability and stability of the society, unity and mutual understanding, thereby strengthening the independent statehood. It should promote the resolution of contradictions between the interests of various ethnic groups, confessions, social strata in order to form a socio-economic, political, and most importantly – spiritual and moral integrity, which constitutes the entire Kazakhstani people. A sovereign independent state appeared on the world map and declared itself loudly in the international arena, which became a full partner of the democratic community of states. It is concluded that the Kazakhstani model of the national idea includes both ethno-cultural concepts of the nation and civil ones.

**Keywords:** public consciousness, democratization, national idea, poly-ethnicity, identity.

На современном этапе развития социальных и политических процессов одной из основ стабильности и демократизации общества следует считать общественное единство и согласие, которое охватывает различные сферы общественной жизни.

Важнейший исторический этап в становлении новой системы ценностей и разрешении противоречий общественного сознания – поиск и определение основы нового мировоззрения, общенациональной казахстанской идеи. В процессе становления независимого Казахстана казахская национальная идея трансформировалась в казахстанскую национальную идею, вобрав в себя все богатство первой. На необходимость консолидации общества на основе национальной идеи указывал Глава государства [1].

Предстоит понять казахстанскую идею как форму разрешения социальных противоречий, ценностно-нормативное определение, как экзистенциал, включающий универсальное и интегративное содержание, способствующее внутреннему единству, устойчивости и стабильности нашего транзитного общества – и, одновременно, окрашенный внутренним светом убежденности, личностного согласия, одобрения всех тех, кто образует весь поликультурный народ Казахстана.

Понятно, что при исследовании темы «казахская национальная идея» логично обратиться к опыту



других народов, перед которыми на определенных этапах истории стояла аналогичная задача.

Необходимо обобщать и изучать опыт других стран и народов по поиску национальной идеи. Это необходимо для того, чтобы выявить характеристические черты, сущность казахстанской идеи.

Для обоснования национальной идеи нужно определить ее основные субъекты, интересы которых она должна отстаивать и защищать в рамках единого унитарного государства. В действительности существует казахстанская идея, отстаивающая и защищающая интересы интегрирующей казахской нации и других этносов как вполне определенного государственного единства [2].

Политическое развитие – процесс, имеющий несколько эволюционных альтернатив, выбор которых зависит от конкретной совокупности влияющих на него факторов. Тем более у политического развития нет единого заданного алгоритма. Иными словами, к политическому развитию не применимы понятия типа «тупиковая ветвь развития» и т.п. Кроме того, политическое развитие осуществляется не линейно. Исследователи отмечают циклический, волнообразный, дискретный и т.д. характеры политического развития [3].

Сегодня казахская идея трансформировалась и осуществилась в форме Казахстана как суверенного национального государства. На карте мира появилось суверенное независимое государство, заявившее о себе во весь голос на международной арене, ставшее полноправным партнером демократического сообщества государств.

Но решение этой грандиозной задачи поставило Казахстан перед новой проблемой: используя могучий потенциал казахской национальной идеи, сформировать казахстанскую идею, способную объединить, интегрировать все этносы-диаспоры республики в эпоху глобализации.

Национальная идея должна вытекать из всей логики национальной истории и культуры и опираться на общечеловеческие ценности и идеи Конституции страны. Она определяет контуры будущего конкурентоспособного казахстанского общества.

Обобщая исторический опыт, выявляя тенденции исторического развития, идея выходит за пределы данного опыта. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев сформулировал следующие пять принципов, лежащих в основе национальной идеи Казахстана: 1) фактическое и юридическое равенство всех этносов республики; 2) казахский народ является государствообразующим этносом, поэтому он несет ответственность перед другими этносами, а другие этносы должны относиться с пониманием к самовыражению казахской нации; 3) религиозная идентичность и толерантность народов; 4) воспитание казахстанского патриотизма; 5) развитие малого и среднего бизнеса, формирование казахстанского среднего класса.

Все другие этносы должны глубоко осознать, что у героического и стойкого казахского народа, составляющего в настоящее время более 65% от общей численности населения страны, нет сегодня желания доминировать над ними. Казахская идея – это идея демократической открытости, социальной справедливости, символ формирования нового духовно-нравственного пространства и возрождения на ее основе национального самосознания каждого этноса, созидания сильной и цивилизованной независимой государственности как гаранта согласия, мира и благополучия.

Казахстанская национальная идея призвана способствовать внутреннему единству, устойчивости и стабильности общества, сплочению и взаимопониманию, тем самым укреплению независимой государственности. Она должна содействовать разрешению противоречий между интересами различных этносов, конфессий, социальных слоев с тем, чтобы образовалась социально-экономическая, политическая, а главное – духовно-нравственная целостность, составляющая весь казахстанский народ. Решающая роль принадлежит этносу-доминанту.

Осуществив в форме национального суверенитета давнюю свою мечту, казахскую народную идею «Атамекена», казахи обнаружили, что на их долю выпала поистине историческая миссия: объединить в крепкое демократическое культурное единство все этносы-диаспоры, которые живут в Казахстане, считают его своей родиной, искренне и глубоко любят древнюю землю казахов и не хотят покидать ее ни сегодня, ни завтра.

Диалог различных этносов, основанный на национальной идее, есть основа формирования казахстанского народа, который предполагает волю к сотрудничеству, взаимопониманию и согласию, прежде всего высокотолерантного казахского народа.

Воздействие социально-экономического фактора на политический процесс проявляется, во-первых, в том, что он влияет на место и распределение политической власти в обществе; во-вторых, обуславливает социальную и политическую стабильность в стране [4].

По мере дальнейшего развития Казахстана как независимого государства, будет возрастать

интегрирующая роль казахской нации в системе межэтнических отношений страны [5].

Поэтому в исследовании проблемы направляющим ориентиром является изучение национального суверенитета как фактора консолидации полиэтнического и поликультурного казахстанского общества и соотношение идеи национального суверенитета и казахстанской национальной идеи.

Перед лицом наступающей глобализации национальная идея должна вдохновлять и нацеливать на укрепление национальной независимости и идеологической безопасности страны, суверенитета, сохранение самобытной, уникальной культуры казахов в ее диалоге с культурами других этносов в рамках унитарного государства.

Казахская культура содержит богатейший консолидирующий духовно-нравственный потенциал. Национальная идея способна объединить, сплотить все этносы Казахстана в единый народ. Для американцев такой вдохновляющей идеей является успех, возможность продвинуться по социальной лестнице любой ценой.

Диалог в современных условиях – приоритетная форма разрешения конфликтов и противоречий, способ, каким самоустраивается современный мир, стремясь к согласию и взаимопониманию. В последнее время очень часто апеллируют к диалогу, но важно не только провозглашать его и декларировать, но и действительно вступать в диалог, осознавая его различные типы и уровни.

Вот такой глубинный диалог и есть тот способ, с помощью которого казахская национальная идея может обрести статус казахстанской, интегрирующей все этносы в единый народ, способный не только сохранить свою культурную и национальную идентичность в процессе глобализации, но и стать необходимым структурирующим фактором ее осуществления.

Только национальная идея может стать реальной силой, способствующей вхождению в мировое сообщество с чувством национальной гордости, с сознанием собственной значимости и весомости.

Идеология включает также ряд национальных интересов, определяющих политику государства на ближайшие годы. Это, прежде всего, экономический рост и культурный подъем самой казахской нации; возрождение аула, сельской местности. Национальные интересы предполагают разработку специальных социальных программ поддержки материального и духовного развития казахов и других этносов.

Система идей и интересов структурируется согласно принципу диалога. Такая идеология будет содействовать укреплению национальной независимости и безопасности, гражданской и культурной идентичности Казахстана, поможет стране не только выстоять и сохранить свое национальное лицо в условиях нарастающей глобализации, но и стать предпосылкой ее трансформации, успешного осуществления под знаком «другой глобализации». У Казахстана есть, что предъявить миру.

Особенно значимым становится опыт взаимопонимания и взаимосогласия множества этносов и конфессий, явленный миру независимым и суверенным Казахстаном [6].

В настоящее время главной задачей казахстанской внутренней политики становится не только сохранение и укрепление межэтнического согласия, но сохранение, упрочение, прежде всего, религиозной толерантности, межконфессионального диалога и согласия.

Активным проводником современных форм пространства межконфессионального общения стала молодая столица независимого Казахстана, предпринявшая ряд неординарных инициатив, можно сказать, исторического, вселенского характера. Эта идея поистине достойна великого предназначения юной столицы Казахстана, расположенной в самом сердце древних казахских степей, в центре Евразии, на пересечении дорог Востока и Запада, Юга и Севера, Европы и Азии.

Следуя традициям толерантности, Астана выстроила небывалую стратегию межконфессионального диалога как основы духовного согласия и взаимопонимания народов планеты Земля.

Опыт Казахстана – неопровержимое свидетельство того, что диалог и взаимопонимание могут стать реальной платформой демократического государства, в котором полиэтничность воспринимается как национальное богатство. Культура согласия и сосуществования народов требует больших усилий, интенсивного труда, неисчерпаемой энергии.

Қазақстандағы әлеуметтік катаклизмдер кезеңінде отбасылық институт мәселесі ең өзекті болды. Бұл кез-келген қоғам отбасының өмір тіршілігінің негізгі тірегі ретінде қарастыратындығына байланысты, егер ол болмаса, онда бұл қоғамның болашағы үшін күтпеген салдарға әкеп соғуы мүмкін деформациялар, әсіресе оны жою мүмкіндігі туралы алаңдаушылық тудырады. Сонымен қатар дағдарыс кезеңінде отбасының жеке және әлеуметтік өзгерістер арасындағы маңызды буферлік рөлі мен маңызы арта түседі деп саналады. Бұл өзін әр түрлі жағдайларға бейімдеу қабілеті жоғары функционалды жүйе ретінде көрінетін отбасы.

**Түйін сөздер:** жастар, трансформация, отбасы, отбасылық құндылықтар, қоғам.

Kulzhanova Zh.T.<sup>1</sup>, Sheryazdanova G.R.<sup>1</sup>, Mukhanbetkalyev E.E.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>S.Seifullin Kazakh AgroTechnical University,  
Astana, Kazakhstan  
zhuldizay-68@mail.ru, sheryazdang@gmail.com, Yesbol-@mail.ru

### MODERN VALUE HIERARCHIES OF YOUTH

#### Abstract

During the period of social cataclysms that Kazakhstan is experiencing, the question of what happens to the family institution has become one of the most pressing. This is since any society, considering the family

as one of the main pillars of life, is particularly concerned about the possibility of its destruction, if not, then the deformations that could lead to unpredictable consequences for the future of this society. At the same time, it is widely believed that in times of crisis, the role and importance of the family as an important buffer between the individual and social change increases ... It is the family that manifests itself as a very functional system with a high ability to adapt in the most varied circumstances.

**Keywords:** youth, transformation, family, family values, society.

Затрагивая проблемы современной семьи, нельзя не учитывать существующих сегодня демографических тенденций. Прежде всего, то, что начало 90-х годов знаменуется наступлением в Казахстане периода длительной депопуляции. Причем, такое положение не является какой-то специфической казахстанской особенностью. В XX веке с естественной убылью населения столкнулись многие страны. В режиме депопуляции живет Германия, Италия, Болгария, Венгрия, Чехия, Швеция и целый ряд других государств. Спецификой Казахстана является то, что депопуляция детерминируется обоими компонентами воспроизводства населения – рождаемостью и смертностью. Другими словами, она происходит под двойным давлением и именно это отличает Казахстан от западноевропейских стран. М. Вебер в своём труде о ценностях считает, что для научного исследования необходимо уделять внимание точным наблюдениям и системному анализу [1, с. 133].

Определяя основные причины низкого уровня рождаемости в большинстве развитых стран, в том числе и в Казахстане, большинство специалистов связывает их с трансформацией института семьи и брака. Это проявляется, прежде всего, в том, что современный тип рождаемости характеризуется относительной устойчивостью идеального числа детей в семье (двое детей разного пола) и динамично развивающейся практикой контроля за сроком появления их на свет с помощью абортных и эффективных средств контрацепции (планирование семьи). В конкретных семьях планы в отношении рождений корректируются в зависимости от индивидуальных склонностей и жизненных обстоятельств. Индивидуально-семейный контроль над рождаемостью сопровождается свободным выбором партнера, срока заключения и расторжения брака.

На этом фоне немаловажным представляется выяснить, как представители молодежных групп воспринимают институт семьи, каковы их репродуктивные установки. Как свидетельствуют результаты проведенного исследования, семейные ценности, такие как создание прочной, счастливой семьи, воспитание детей, занимают прочные лидирующие позиции в структуре ценностных ориентаций молодых казахстанцев, наряду с такой ценностью, как создание материального достатка.

Однако следует отметить и то, что немало и тех, для кого это вызывает серьезные опасения – 14% опрошенных обеспокоены тем, что не смогут создать семью, еще 14% – встретить любимого человека. За прошедшие 10-15 лет вероятность таких опасений имеет тенденцию роста. Прежде всего, это касается вероятности не встретить любимого человека – число тех, кто испытывает подобные опасения возросло с 10% до 14%.

Итак, ценности семьи занимают прочные лидирующие позиции в структуре жизненных ориентаций подавляющего большинства молодых казахстанцев. Однако одним из существенных вопросов, решаемых в ходе настоящего исследования, является то, что сегодня молодые люди понимают под «прочной, полноценной семьей»? Что, по их мнению, является необходимым условием для ее создания? Насколько ощутимы различия во взглядах на институт семьи среди представителей двух возрастных когорт – молодежи и старшего поколения?

Как видно из данных, взгляды на семью представителей двух поколений хотя и имеют определенные различия, тем не менее, они не являются существенными. По мнению, как старшего поколения, так и молодежи, главным для создания семьи является взаимная любовь супругов и лишь затем следуют так называемые материальные факторы – наличие отдельного жилья и приемлемого уровня доходов, позволяющих молодым семьям жить отдельно от родителей. На этом фоне следует отметить некоторое различие в оценках представителей двух поколений, связанное с таким фактором, как «уровень доходов», значимость которого более сильно выражена среди представителей молодежных групп, тогда как респонденты старшего поколения существенно реже указывали на значимость этого фактора – 61% среди молодежи и 45% среди старшего поколения. Однако для представителей старшего поколения более значимыми факторами, по сравнению с респондентами молодежных групп, выступали социальные и межличностные компоненты семейной жизни – согласованность семейных и личных жизненных планов, хорошие отношения с окружением партнера, единый социальный статус.



В то же время, анализ представлений о том, что является главным при создании семьи, среди представителей различных возрастных групп представителей молодого поколения отчетливо свидетельствует о том, что если представители самой младшей возрастной группы (до 20 лет) существенно большее значение придают материальным факторам при создании семьи, то старшие молодежные когорты (24-26 лет) несколько чаще отдают предпочтение таким позициям, как согласованность семейных и личных жизненных планов. В этой связи вполне закономерно возникает вопрос – насколько подобные различия внутри молодежных групп являются свидетельством выявленной тенденции

Одной, из главных исследовательских задач является характеристика репродуктивного поведения молодого поколения. Ведь хорошо известно, что на протяжении последних ста лет в Казахстане произошли существенные изменения в уровне рождаемости, отражающие переход от традиционного к новому, современному типу репродуктивного поведения. Традиционный тип репродуктивного поведения исключает всякое намеренное вмешательство в процесс зачатия и вынашивания плода. Социальные и культурные нормы, формировавшиеся в течение долгого времени и поддерживаемые религией и обычаями, не допускают внутрисемейного регулирования деторождения как массового явления. Уровень рождаемости при традиционном типе репродуктивного поведения довольно высок.

При современном типе репродуктивного поведения внутрисемейное регулирование деторождения получает всеобщее распространение, превращается в неотъемлемую черту образа жизни людей и становится одним из главных факторов, определяющим уровень рождаемости.

Изменения репродуктивного поведения казахстанских семей – следствие трансформации функции семьи, в том числе и ее репродуктивной функции, в процессе длительного исторического, экономического и социокультурного развития Казахстана. К концу 60-х годов XX века контроль над деторождением стал характерен для поведения подавляющего большинства семей нашей страны. Распространение его сопровождалось переходом к двухдетной семье. Демографический переход в Казахстане, в том числе и переход к новому, близкому к европейскому, типу репродуктивного поведения, в основных чертах был завершен.

Сейчас тенденция к снижению количества детей в семье сохраняется. Например, российские исследователи Говорухин Г.Э. и Андросова И.С. проанализировали трансформацию российского общества и выявили признаки оторванности и изоляции молодежи от их семей [2, с. 78]. И об этом достаточно отчетливо свидетельствуют результаты проведенного исследования. Как видно из данных, если по оценкам респондентов в поколении их родителей среднее число детей в семье составляло 2,1, то уже в современных казахстанских семьях этот показатель снизился до 1,2. Причем, ситуация выглядит достаточно тревожной в том числе и потому, что количество детей, которое сейчас есть в современных молодых семьях и количество детей, которые казахстанцы называли в качестве «планируемых, с учетом реальных жизненных обстоятельств» – если и отличаются, то не существенно – среднее число «планируемых» детей 1,8 (см. табл.1).

Таблица-1. Репродуктивные установки респондентов молодежных групп, %

	<b>Сколько детей было в семье Ваших родителей?</b>	<b>Сколько детей в Вашей семье в настоящее время?</b>	<b>Сколько детей Вы бы хотели иметь (в идеале, без учета нынешних условий жизни)?</b>	<b>Сколько детей Вы планируете иметь с учетом Ваших реальных жизненных обстоятельств (учитывая тех, которые уже есть)?</b>
	2,1	1,2	2,3	1,8
До 20 лет	2,09	1,2	2,24	1,77
21-23 года	2,03	1,06	2,28	1,73
24-26 лет	2,02	1,26	2,27	1,74

При этом, отвечая на вопрос о том, «Сколько детей в Вашей семье в настоящее время?», абсолютное большинство опрошенных (96%) респондентов в возрасте до 20 лет. В возрастной когорте 24-26 лет отметили, что не имеют детей более половины опрошенных (57%). Среди тех, кто в этой возрастной когорте имеет детей, подавляющее большинство опрошенных отметили, что имеют одного ребенка (75%). Еще около четверти опрошенных (25%) в этой возрастной когорте (24-26 лет) имеют двух детей. Что касается числа «планируемых» детей, то 53% опрошенных этой группы хотели бы иметь 2-х, тогда как более трети респондентов старшей молодежной когорты указали, что

планируют иметь одного ребенка – 38%. Трех и более детей хотели бы иметь не более 9% опрошенных. Причем, именно 2-х-детная модель семьи является «идеальной» для большинства представителей этой возрастной группы: 55% респондентов в возрастной группе 24-26 лет отметили, что идеальным числом детей в семье считают 2. Практически та же тенденция фиксируется среди представителей возрастной когорты – 21-23 года.

Немаловажным представляется и выявление представлений о том, что является самым важным в воспитании ребенка. Отвечая на данный вопрос, почти большинство опрошенных (53%) указали, что наиболее важным считают воспитание честности, доброты, отзывчивости. С некоторым отрывом следуют такие качества, как воспитание любви к семье, дому, близким (47%). Также немаловажным представляется дать хорошее образование (50%), сформировать целеустремленность, деловые способности, «хватку» (35%), привить организованность, самодисциплину, ответственность (28%).

При этом, как видно из данных, в оценках представителей двух поколений наблюдается значимые различия. Причем, представители молодежных групп в большей степени ориентированы на воспитание «рыночных» качеств в своих детях. Так, существенно чаще молодые казахстанцы отмечают необходимость воспитания в своих детях таких качеств, как формирование целеустремленности, деловых качеств, «хватки» (35% против 29% среди старшего поколения), а также обеспечение достойного круга общения, знакомств (12% против 4% среди представителей старшего поколения).

Итак, подводя итоги проведенного исследования, следует отметить, что ценности семьи, семейной жизни занимают лидирующие позиции в структуре ценностных ориентаций молодого поколения. При этом молодые казахстанцы демонстрируют достигательные мотивации в отношении реализации ценностей прочной полноценной семьи. В тоже время, результаты проведенного исследования позволяют зафиксировать тенденцию, согласно которой при современном типе репродуктивного поведения внутрисемейное регулирование деторождения получает всеобщее распространение, превращается в неотъемлемую черту образа жизни людей и становится одним из главных факторов, определяющим уровень рождаемости.

Анализ устремлений современной молодежи позволяет говорить о группах казахстанцев в возрасте от 17 до 26 лет, различающихся своими жизненными целями. Но одно для них главное – для большинства молодежи безусловными остаются ценности семьи и работы в той или иной вариации: когда работа желаемая и интересна или, когда она дает возможность достичь материального благополучия. Тот или иной тип устремлений молодежи, с одной стороны, формируется в определенных условиях среды, а с другой стороны – влияет на поведенческие практики молодежи, прежде всего такие, как получение образования, выбор профессии и т.д. В статье Корокошко И. о ценностных ориентациях молодежи рассматриваются вопросы экономического сознания студентов и его связь с образовательным процессом. Также, автор приводит свою типологию развития сознания на основе эмпирических исследований [3, с. 89].

«Умение жить рационально, с акцентом на достижение реальных целей, с акцентом на образование, здоровый образ жизни и профессиональный успех – это и есть прагматизм в поведении» не зря говорится в выступлении экс-президента Н.А. Назарбаева [4]. Современная молодежь планирует многого добиться в жизни, при этом она рассчитывает на свои силы, т.к. в основном полагает, что материальное положение человека зависит, прежде всего, от него самого: в этом убеждены 70% казахстанцев в возрасте от 17 до 26 лет, в то время как половина старшего населения (50%) считает, что их жизнь зависит в первую очередь от экономической ситуации в стране.

Поэтому не удивительно, что достижение успехов в составе поколения «отцов» чаще ставится под сомнение, так как, по их мнению, его определяют внешние обстоятельства. Снимая с себя ответственность за собственное счастье, многие представители старшего поколения ожидают, что в достижении благополучия им помогут более успешные. По их мнению, именно материально преуспевшие должны помогать тем, кто не преуспел (54%). Молодежь же в основном (63%) считает, что человек должен сам добиваться своих успехов в жизни.

Как показывает анализ результатов настоящего исследования, в Казахстане за последние 10 лет сформировалось поколение молодежи, которое на власть особо не рассчитывает, а действует, что называется, в автономном режиме. Это вовсе не означает, что нынешняя молодежь безразлична ко всему, что происходит вокруг нее. Просто в силу своего возраста многие молодые люди еще не знают, что нужно сделать, чтобы их голос был услышан, в том числе и в процессе принятия важных решений. Но это не значит, что они готовы лишь «прислушиваться и внимать». Нынешнее поколение

не желает быть «дисциплинированным войском» политиков и политических партий и не станет заниматься общественной и политической деятельностью, не будучи уверенным в том, что это принесет пользу как им самим, так и окружающим. Поэтому задача всех ответственных политиков заключается в том, чтобы создавать в обществе такие условия, которые позволят каждому молодому человеку выбирать жизненные стратегии в соответствии с собственными представлениями о том, что для него является важным – политика, семья, работа, творчество, досуг и т.д. И чем больше будет этих возможностей, тем больше будет и пространство для проявления молодежной активности.

В целом можно констатировать: старшее поколение, в отличие от нынешней молодежи, отличается большей консервативностью, что естественно с учетом его жизненного опыта – оно не любит рисковать, выделяться, склонно к солидарности и не привыкло рассчитывать только на себя, чего не скажешь о современной молодежи. Население страны в возрасте от 17 до 26 лет много раскованней строит планы на будущее. При этом современная молодежь не только говорит о желаниях достичь различных успехов, но и полагает, что ей по силам это сделать. Для реализации жизненных планов она готова предпринимать активные действия, будучи уверена в том, что человек сам в ответе за свою судьбу.

Н.А. Назарбаев считает, - «Наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды, – одним словом, национальный дух, должны вечно оставаться с нами» [4]. Вот эти позиции, сближающие молодежь и поколение «отцов». Так, среди основных устремлений старшего поколения и молодежи, как и 10 лет назад, в первую очередь, является создание прочной семьи и воспитание хороших детей. Но наряду с этим все больше внимание молодежь отдает работе, которая, с одной стороны, должна быть интересной, престижной и любимой, а с другой, – обеспечивать материальное благополучие.

Основной страх молодых казахстанцев – остаться без средств к существованию и сопряженные с ним опасения потерять работу или не суметь ее найти. Зато по мере достижения индивидуального материального благополучия, жизнь в Казахстане для молодежи становится все привлекательнее, она им стала нравиться больше, чем по оценкам десятилетней давности.

Хотя старшее поколение сохраняет еще небольшое преимущество в успешности, но, учитывая значительную разницу в возрасте, уже сейчас можно говорить о том, что нынешнее поколение молодежи самое успешное в новейшей истории Казахстана. Но, пожалуй, еще более удивительный факт, выявленный в ходе исследования, состоит в том, что жизненные устремления всей молодежи – жителей мегаполисов, областных центров, малых городов и жителей села, представителей богатых и бедных, разного уровня образования – практически неотличимы. Это означает, что в нынешнем поколении молодежи сложилось во многом схожее восприятие реальной действительности, которое культивирует ставку на успешность и достижение высокого профессионального и социального статуса. И в этом смысле можно говорить о том, что нынешнее молодое поколение Казахстана в целом восприняло основные принципы, характерные для участников рыночной экономики.

*Список использованной литературы:*

- 1 Ритцер Дж., Степнички Дж. *Әлеуметтану теориясы (перевод)*. «Ұлттық аударма бюросы». – Алматы, 2018. – 856 с.
- 2 Говорухин Г.Э., Андросова И.С. *Семья как ценность и семейные ценности в российском обществе (социологическое исследование семейных ценностей студентов КНАГТУ)*, «Ученые записки Комсомольского-на-Амуре государственного технического университета» №3(23), 2015. – С.71-81.
- 3 Корокошко И.О. *Особенности экономического сознания студенческой молодежи с разными ценностными ориентациями*, «Интеграция образования» №4(57), 2009. – С.89-93.
- 4 Назарбаев Н. *Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"*, 12 апреля 2017.

Ұ.Қ. Шубаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық аграрлық университеті, e-mail: ultai.sh@mail.ru  
Алматы, Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ

*Аңдатпа*

Мақала дін әлеуметтануының қазіргі жағдайдағы негізгі мәселелерін ғылыми бағыт ретінде шолуға арналған. Мақалада деструктивті секталарға тартудың әлеуметтік әдістерінің ерекшеліктері қарастырылады. Сананы бақылау сияқты негізгі әдістердің бірі ерекше атап өтіледі. Бұл проблеманың социологиялық және жалпы мәдени аспектісі талданды. Сектанттардың дамуы мен жұмыс істеуі және оның әлемдік қоғамда және Қазақстанда аса қауіпті нысандары жан-жақты және терең ғылыми зерттеуді қажет ететін өзекті әлеуметтік-философиялық мәселе болып табылады. Осы уақытқа дейін ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде сектанттықты зерттеу тек конфессиялық бағытта ғана жүргізіліп келеді. Мақалада ссектаның әсері, тұрақтылық пен қоғамның тұтастығы, қауіпсіздігі мен мемлекетке әсері қарастырылады. Жаңа діни бірлестіктердің дамуы - бұл адамдардың рухани және материалдық мүдделері мен қажеттіліктеріне байланысты объективті процесс. Қоғамның рухани өміріндегі дағдарыс, идеологиядағы вакуум және жалпы мемлекеттік, ұлттық идеяның болмауы, қылмыстың өсуіне ғана емес, қоғамдық институттар мен тұлғаның деградациясына да әкеледі. Бұл вакуум Қазақстанда соңғы жылдары кеңінен таралған түрлі жаңа діни ағымдардың өкілдерін толтыруға ұмтылады.

**Түйін сөздер:** социум, дін, саясат, жаңа діни ағымдар.

*Шубаева У.К.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный аграрный университет, e-mail: ultai.sh@mail.ru  
Алматы, Казахстан

## ПРОВЕДЕНИЕ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО АНАЛИЗА К НОВЫМ РЕЛИГИОЗНЫМ ОБЪЕДИНЕНИЯМ В КАЗАХСТАНЕ

*Аннотация*

Статья посвящена обзору основных проблем социологии религии как научного направления в его современном состоянии. В статье рассматриваются особенности социологических методов привлечения в деструктивные секты. Особо отмечается один из основных методов как контроль над сознанием. Проанализирован как социологический, так и общекультурный аспект этой проблемы. Развитие и функционирование сектантства и его наиболее опасных форм в мировом социуме и в Казахстане является той актуальной социально-философской проблемой, которая нуждается во всестороннем и глубоком научном исследовании. Исследования сектантства как уникального социального явления до настоящего времени велись, за редким исключением, только в конфессиональном направлении. В статье рассмотрены влияние сектантства в его наиболее опасных формах на стабильность и целостность общества, безопасность личности и государства. Развитие новых религиозных движений – это объективный процесс, связанный с духовными и материальными интересами и потребностями людей. Кризис в духовной жизни общества, вакуум в идеологии и отсутствие общегосударственной национальной идеи ведёт не только к росту преступности, но и деградации общественных институтов и личности. Этот вакуум стремятся заполнить представители различных новых религиозных движений, которые получили широкое распространение в Казахстане в последние годы.

**Ключевые слова:** социум, религия, политика, новые религиозные движения.

Shubayeva U.K.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national agrarian University, e-mail: ultai.sh@mail.ru  
Almaty, Kazakhstan

## THE SOCIOLOGICAL ANALYSIS OF NEW RELIGIOUS ASSOCIATIONS IN KAZAKHSTAN

### Abstract

The article is devoted to the review of the main problems of sociology of religion as a scientific direction in its current state. The article deals with the features of sociological methods of attraction to destructive sects. One of the main methods as control over consciousness is emphasized. Both sociological and General cultural aspects of this problem are analyzed. The development and functioning of sectarianism and its most dangerous forms in the world society and in Kazakhstan is an urgent social and philosophical problem that needs a comprehensive and in-depth scientific research. Studies of sectarianism as a unique social phenomenon have been conducted, with rare exceptions, only in the confessional direction. The article considers the influence of sectarianism in its most dangerous forms on the stability and integrity of society, the security of the individual and the state. The development of new religious movements is an objective process related to the spiritual and material interests and needs of people. The crisis in the spiritual life of society, the vacuum in ideology and the lack of national ideas leads not only to an increase in crime, but also the degradation of social institutions and individuals. Representatives of various sects, which have become widespread in Kazakhstan in recent years, are trying to fill this vacuum.

**Keywords:** society, religion, politics, new religious movements.

Жастар – бүкіл қоғамның экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани дамуының әрі объектісі, әрі субъектісі. Бұл, бір жағынан, олардың сан жағынан халықтың басым көпшілігін құрайтындығымен, екіншіден, жастардың өршілдік, шығармашыл, игемділік, мобилділік, креативті, жаңашыл болу қасиеттерімен байланысты болмақ.

Ұлттық мәдени дәстүр мен құндылықтарды сақтау және оны әрі қарай дамыту жауапкершілігі дәл сол жастарға жүктеледі. Жастардың мәдени болмысын және оның сапалық деңгейін анықтаудың өзі Қазақстанның қоғамдық-мемлекеттік даму дәрежесін, ұлттық менталитеттің мықтылығын, сондай-ақ мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындайды. Егер тарихқа үңілетін болсақ, жастардың мәдени бітімінің ерекше феномен ретінде қалыптасқандығын аңғаруға болады. Осы орайда біз үшін қызықты мәселе, ол – жастардың мәдени тұрғыдағы өзін-өзі іске асыру және рухани мәдени құндылықтарды бойына сіңіру мәселесі. Әлеуметтік жобаларды жемісті іске асыру және дағдарыстан шығу, қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығын сақтау үшін халықтың мәдени дамуының маңыздылығы жастардың мәдени құндылықтық ұстанымдары, бағдарлары және мәдени идеалдары мәселесінің өзектілігін арттыра түседі. Модернизациялау үдерісі, қоғамдық өмірге коммуникативтік ойлау әдісінің енуі адамның мәдени тұрғыда өзін-өзі анықтау мәселесін өткір қояды. Осыған байланысты да жастардың рухани мәдениетін қалыптастыру тұрғысындағы тәрбие жұмысы күрделенуде. Бұдан мәдениет философиясы және мәдени антропология үшін әлеуметтік қатынастың әрі оның мәдени формасындағы адами мазмұнды анықтаудың өзектілігі арта түседі. Жастардың мәдени құндылықтық жүйе арқылы тек жекелеген адамның материалдық және рухани қажеттілігін ғана байқап қоймаймыз, сонымен бірге қоғамның нақты жағдайын да анықтай аламыз.

Енді бір жағынан тарихтан халқымыздың рухани өмірінде елеулі орын алған дін мәселесі қабаттасып отыр. Әсіресе ислам мәдениеті барлығымызды мұсылмандық өнегелік өсиеттерінің негізін қазіргі жағдайда даму үрдісіне үңілуге мәжбүрлеуде. Кейбір «исламдық» зиянды ағымдардың ел ішін араздастыруға бел буғандығы халықтың тұтастығы мен мемлекеттің тәуелсіздігіне төнген үлкен қауіп деп түсінген жөн. Қазіргі кездегі әлемдік көріністе терроризм, діни фундаментализм, экстримизм сияқты халқымызға бұрыннан жат ұғымдардың әлемдік саясаттың күн тәртібінен түспеуі, сол ұйымдардың қатарынан жастардың көптеп орын алуы мәселесі алаңдаушылық тудырады сөзсіз. Сондықтан қазақ жастарының белсендігі қандай бағытта дамығаны дұрыс деген сауалға ойлана отырып жауап беру қажет.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі жағдайға келер болсақ: әртүрлі этникалық және көп конфессиялық көрсеткіштер, елді демократиялық бағытта дамуға ықпал етуде. Діни сенімге қызығушылық қоғамның әр тобында оянды. Дәстүрлі діндер мен дәстүрлі емес ағымдар жаппай

миссионерлік сарында қызметтерін жалғастыруда. Бұлардың жұмыстары елдің жас буынына басым бағыт береді. Себебі олар да елдің болашағының жастардың қолында екендігін біледі.

Адамдарды қандай да бір дінді қабылдауға мәжбүрлеуге болмайды. Сондықтан жастарға ерекше назар аудару қажет», - деп Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясында сөйлеген сөзінде айтып өтті [1, 2 б.].

Қазіргі таңда Қазақстанда 4000-нан астам жаңа, дәстүрден тыс діни құрылымдар заңды түрде тіркеліп, белсенді миссионерлік жұмыс жүргізуде. Осы саны көп діни ошақтар туралы радио, телеарна және баспасөз арқылы берілетін мәліметтер үстүрт тек таныстырумен шектеледі. Жаңа діни бірлестіктер идеологиясына, олардың миссионерлік қызметіне байланысты мәселелер конференцияларда көтеріліп, дәстүрден тыс діни ұйымдардың ілімдерін жинақтауға тырысқан хрестоматия мен исламдық көзқарас тұрғысында қарастырған оқу құралы, осы тақырыптың кейбір мәселелеріне байланысты социологиялық зерттеулер мен мақалалар аз да болса жарық көрді, әйтсе де, дінтанушылық сараптама берілген арнайы зерттеу жұмысы жоқ.

Жаңа типті діни ағымдардың пайда болуы ХХ ғасырдың 60 жылдарынан бастап белгілі бола бастады. Бірақ оларды жүйелі түрде зерттеу он шақты жылдан соң ғана басталды. Формалды түрде нашар біріккен, «дәстүрлі діннен» өзге ілімге сенетін діни топтардың барлығы анықталды. Олардың ілімдері синкреттікпен ерекшеленіп, әр діни және философиялық жүйелердің элементтерін эклектикалық түрде біріктірді, бұл ерекшелік оларды «постмодернистік» деп атауға негіз берді.

Жаңа діни ағымдар (ЖДА) немесе дәстүрден тыс діни қозғалыстар бұл дін немесе шіркеу, деноминация ретінде қоғамда орын алмаған, діни топтар. ЖДА термині академиялық және нейтральды ұғым болып есептеледі. Бұл ұғым «секта» және «культ» терминдерін алмастыру үшін ғылыми қолданысқа енгізілді [2, 18 б.].

ЖДА діни қызметтерінің қазіргі кезеңдегі формалары әр түрлі. Олар өздерінің қоғамдық санаға әсер ету деңгейлерін кеңейту мақсатында түрлі жаңашылдықты белсенді қолданады. Үгіт-насихат, діни ұйымдар мен зайырлы қоғамдық ұйымдар арасында қатынастарды қолдану арқылы қайырымдылық іс-шараларын жасау, білім беру салаларында қомақты жобаларға қаржы бөлу, баспа және ақпарат құралдарына шығу, мәдениет және бизнес салаларында қызмет жасау мақсатты түрде іске асып жатыр. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ЖДА біразы қоғамдық, білім беруші, мәдени-ағартушы («ғылыми қоғам», «ассоциация», «фонд», «орталық» т.б.) ұйымдар ретінде тіркелулері олардың қызметтеріндегі жаңа тенденциялардың көрінісі десе болады.

ЖДА өздерінің әлеуметтік мәртебелерін көтеру үшін жылжымайтын мүліктер сатып алып, журналистердің, заңгерлердің, мемлекеттік чиновниктердің кәсіпкелік және саяси беделін өз мүдделеріне қолдануды кәсіпке айналдыруда. Олар көбінесе есірткіге, ішімдікке қарсы тағы да басқа әлеуметтік бағдарламалар мен акциялар ұйымдастырады. Қазіргі кезеңдегі ЖДА қызметтеріндегі тенденция олардың біразы қоғамдық, білім беруші, мәдени-ағартушы («ғылыми қоғам», «ассоциация», «фонд», «орталық» т.б.) ұйымдар ретінде тіркеледі.

Дінтанушылар мен психолог мамандар жаңа діни құрылымдардағы жұмыс негізінен жастарға бағытталған деген тұжырым айтады. Алғаш келген жас өспірім бүкіл топтың ерекше назарында болады. Оған оны Құдайдың қалай сүйетіндігі, оның өзінің жоғары міндеті туралы, күнәға толы осы өмірде тек осы «жанұяда» адамдар бірін-бірі қадірлейтіндігі туралы айтып, сендіреді. Жас адамның ойлау қабілетін тоқтататын әдістерді қолдану арқылы оны «ерікті» түрде иландырады. Осылайша рухани ізденістегі адамға да, өмір тәлкегінен күйзеліске ұшыраған адамға да бұл ұйымдар қамқоршы болып көрінеді. Бірақ олардың берген жұбанышы уақытша және алдамшы, өйткені олар өмірдегі нақтылы нәрсені өзгерте алмайды. К.Маркстің діни жұбаныш әдісін апиынмен салыстырғаны сияқты, ол дерттен айықтырмайды, ол сол сәттегі ауруды ғана сездірмейді. ЖДА көбінде адам діни идеологиялық шырмауда қалады. Егер адам өзінің адамгершілік нормалары мен жалпы құндылықтар туралы нақтылы көзқарасы болмаса, онда ол адам еріксіз робот сияқты өз еркімен біреудің айтқанын орындай бастайды. Бұндай жағдай әрине тұлғаны психологиялық және рухани тоқырауға ұшыратады.

Сектанату ғылымында сектанттарды үшке бөледі: сектаны құрушылар, сектаға тартушылар, сектаға тартылған мүшелер. Секта басшылары «хабар айтушылар», сектаға тартушылар тартылған мүшелерге агрессивті манипуляция әдісін қолданады. Нәтижесінде ол мүшенің өзіне және оның жанындағы адамдардың денсаулықтарына, жеке меншіктеріне және әлеуметтік жағдайына, көңіл-күйіне зиян келтіріледі.

Секталарға мүшелікті А.Дворкин бір орталыққа шоғырланған үш шеңбер түріндегі, үш деңгейге бөледі: «Ішкі шеңбер – бұл «маманданған» «сектатанушылар», яғни бұл осы қызметпен өзінің күн көрісіне ақы тауып жүрген көшбасшылар, емшілер, экстрасенстер, шығыс күрес өнерлерін оқытушылар, йога әдісін тағыда соған ұқсастар».

Келесі шеңбер барлық уақыттарын сектада өткізетін, сонда қонып, өздерін толығымен сектанттық қызметке арнаған. Бірінші шеңберге қарағанда бұл шеңбер тарлау, себебі «жарты ставкадағы» сектанттар салыстырмалы көп емес, олар көбінесе бір сектадан екінші сектаға ағылып жатады.

Секта мүшелерінің ең кең шеңберіне сектаға жартылай тартылған адамдар кіреді. Біздің елде тұрғындардың көпшілігі осы шеңберге кіруі мүмкін.

Сектаға келген неофиттерді фанат адепке айналдыру мақсатында, оларды тұрақты бақылауға алып, оларға тұлғалық қасиетін бұзатын мына методтар қолданылады:

- трансқа түсіретін әдістер жүйелі қолданылады;
- сектаның өмір сүру стилін қабылдауды талап етеді;
- сыни көзқарастардың алдын-алып отырады;
- информациялық бақылау жүргізеді – культтік, сол ағымның әдебиеттерден басқа хабар беретін материалдарға тиым салу;
- қорқыту (қауіп төндіру);
- оңашалау, немесе жекелеу – адептерге сектадан тыс достарымен, қызмет бабымен, туыскандық қарым-қатынастарды қысқартуға кеңес береді;
- қаржылық міндеттеме – өзінің жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін секта басшыларының қолданысына өткізу.

Мамандар секталарды зерттеу барысында олардың ортақ белгілерін төмендегідей деп береді:

- жаңа келген адамға ерекше мейрім көрсету;
- үздіксіз медитация, қасиетті сөздерді (фразаларды) қайталау арқылы трансқа түсу;
- индоктринация – ұйымда уағыздалатын ілімді түсіндіру. 3-4 сағаттық діни рәміздер: медитация, діни уағыз, медитациялық музыка.

Жоғарыда аталған қызметтермен қоса бұл ұйымдар өз алдарына үлкен мақсаттар қояды:

- әлемдік деңгейдегі атақ-абыройға ие болу;
- өздеріне жаппай мүшелерді жинау;
- ұйым мүшелерінің санасын өзгерту мақсатында олардың психикаларына әсер ету.

*Егер осы мінездемелердің бірі ЖДА онда ол ұйымды деструктивтік культке жатқызуға болады [3, 31 б.].*

Жастар үшін назарда ұстайтын мәселелердің бірі, шет елде білім алатын мамандардың өз ұлттық құндылықтарын дәріптеуі болып табылады. Олай дейтініміз, діни-мәдени салада білім алатын түлектер шет елдердің салтын, санасын бойларына сіңіріп, елге оралғаннан кейін сол қалпында басқаларға үйретуге талпынуы дұрыс емес. Сондықтан әрбір азамат елдің мәдени, діни, экономикалық мүддесі тұрғысынан қарайтын болса дұрыс болары шындық. Басқаша айтқанда елдік мүдде, тәуелсіздік, мемлекеттілік барлық діни салттан, сенімдерден жоғары тұруы керек. Әсіресе, Қазақстан Республикасының заңдарының кешірімпаздығын пайдалана отырып, жат сенімдер мен өмірлік қағидаттарын, мәдениетін енгізуге тырысу, тек жеке топтық мүддеде қызмет ету азаматтылыққа сай келмейді.

Діннің қоғам өміріндегі белсенділігі соншалықты, заманымызға дейін саясаткерлер де белгілі бір саяси мақсаттарына жету үшін дінді шебер қолданған. Тіпті, соңғы кезеңдердегі экстремистік қозғалыстар, жарылыстар дінмен еш қатысы болмағанмен, оны жиһадпен байланыстырып, Алла үшін, шәһид боласын, жәннәтқа кіресін т.с.с. көз бояушылықпен дінді саясаттың құрбаны етуде. Өйткені олар діннің ең күшті қаруын, яғни діннің негізі болған сенімді (иман) өз мақсаттарында қолдануда. Өйткені дін, сенім арқылы тікелей адамдардың жүректеріне үндейді. Ол, санадан тыс бір абсолютпен байланыстыра отыра адамдарға тәлім береді. Сол шексіз абсолютке деген сенім және мейірімділігіне бөлену немесе оның қаһарынан қорқу сияқты адамдардың санасындағы психологиялық процесстер, діни тәрбиенің беделін арттыра түседі.

Қазіргі кезде орамал тағып, хиджаб киініп жүретін бойжеткендердің қатары күн санап артып келеді. Қазақ жігіттерінің бүйрегі осындай қыздарға бұратыны да белгілі. Менің пайымдауымша, хиджаб киетіндер – жаны таза, бес парызын өтеп жүрген адал жандар. Әрине, барлығы солай болса жақсы ғой. Өйткені, хиджабты сәнге айналдырып киетіндер де аз емес. Қандай мүддені көздеп кесе де, әйтеуір, тәнін жауып жүргендеріне тәуба дейсің. Тек үрей туғызатын жағдай – хиджаб киноімен

өзге ағымдардың ілімдерін насихаттайтын қаракөз қыздарымыз қазақ жігіттерін де адастырушылыққа итермелеп келеді. Яғни, діни ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер қоғамда орын алған хиджаб кию іспетті түйткілді мәселені оңтайлы шешуге де күш жұмсаса игі болмақ.

Қазіргі кезде қаптап кеткен дәстүрлі емес жаңа діни ағымдарға біздің жастарымыздың кіруі – өкінішті жағдай. Бұл, біздің жастарымыздың кіруіне белгілі бір себеп бар деген сөз. Біздің пікірімізше, олардың діни ағымдардың қатарына кіруіне бірнеше себеп бар:

1. Ислам дінінің шарифат жолдарын түсінбеуі және білмеуінен;

2. Экономикалық қиыншылық, яғни олардың берген азын-аулақ ақшалай, заттай жәрдемдеріне қызығу;

3. Ұлттық тәлім-тәрбие мен дәстүрлерден алыстаулары;

4. Ұлттық тілді, мәдениетті білмеу және қадырлемеу.

Өртүрлі діни ғибадаттарға күштеп тартудың психологиялық әдістерін қолданатын қауіпті тренингтер, семинарлар, біліктілікті арттыру курстары ж.т.б. тәріздес көптеген әлеуметтік-психологиялық қатерлер бүгінгі қоғамның жаппай көрінісіне айналып отыр. Сананы бақылаудың психотехниктері жұмыс істейтін жерде шынайы таңдау жасау еркіндігіне орын жоқ. Қоғам деңгейіндегі психологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің басты сипаты. Сондықтан қысқаша психологиялық әдістерінің әсерін сараптап көрейік:

Зерттеушілер ЖДА өз ілімдерін тарату барысында діни әдебиеттерді таратуға ерекше орын беретіндігін атап өтеді. Сектанттық әдебиеттерді конфессиясына байланысты (баптистік, адвентистік, елуіншілдік т.б.әлеуметтік бағытына қарай (бейтараптылығына), жасау өндірісіне қарай (қолжазба, фотосурет, баспа, шетелде жасалған, т.б.), шығару формасына байланысты (кітаптар, брошюралар, журналдар, буклеттер т.б.) бағытталған оқырмандарына байланысты (дін қызметкеріне, жай сенушіге, балалар мен жастарға, сенбейтіндерге), шығарылған мерзіміне қарай топтамалайды.

Семинарлар, тренингтер, мәдени-ағартушылық кештер тағы да басқа рухани дамуға бағытталған іс-шаралар өткізіледі. Көптеген ЖДА үздіксіз жұмыс жасайтын оқыту жүйесі қалыптасқан. Саентология шіркеуі «Қолданбалы білім» бағдарламасы шеңберінде кең көлемде курстар мен тренингтер ұсынады. Бахай сенімі ұйымы «Рухтар институты», «Менің үйім және мен» атты бағдарлама, Бірігу шіркеуі өз ізбасарларына 7.21, 40, 120 күндік оқыту курстарын ұсынады. «Рейки» қозғалысы білім беретін және емдейтін тренинг жүйесі бар «Фомальгаут Плюс» орталығын ашқан. Орталық қосымша жаңадан бастаушыларға арналған кездесу семинарларын өткізеді.

ЖДА-да миссионерлік кадрлар дайындау бірінші орынға қойылған. Бахай сенімі ұйымында миссионерлерді даярлау институты жүйелі түрде (АҚШ, Канада, Швейцария, Үндістан, Боливия, Қазақстан және т.б. елдерде) жұмыс жасайды. Олар өздеріне әлемнің 170 елінде 357 ұйымдарды біріктіреді.

Бригама Янга университеті (Иисуса Христос Әулиелерінің соңғы күні шіркеуі), Брахма Кумарис Дүниежүзілік Рухани Университет, Бірігу Шіркеуінің Теологиялық семинариясы (Берритаун, Нью-Йорк штаты, АҚШ), Кришна Санасы Қоғамының Вайшнавтық университеті (Москва қаласы) тағы да осыларға ұқсас білім орталықтары бар.

ЖДА білім берушілік қызметіндегі бір бағыт ол кішкентай балаларға зайырлы біліммен қоса діни білім негіздерін беру. Мысалға Кришна Санасы Қоғамының ведалық гимназияларын (гурукулдарды) айтуға болады.

Қазақстандағы сайентология шіркеуінің негізгі іс әрекеті жер бетіндегі барлық елдердегі тәрізді дианетика курстарын оқыту. Батыстағы әдіс сияқты басты назар ұйымға бизнес өкілдерін тартуға басты назар аударылады. Шындығына келгенде Қазақстандағы сайентологтар ықпалы мен күші жағынан өздерінің батыстық бауырларынан көш қалып қояды. Дегенмен де түрлі саладағы және түрлі жас шамасындағы адамдардан тұратын дианетиканы уағыздайтын топ Қазақстанның барлық дерлік аудандарында кездеседі.

Жоғарыда келтірілген материалдарға сүйене отырып, ЖДА жүйелі түрде білім беру қызметі өз ұйымдарының мүддесін қолдауға және ұйым мүшелерін рухани бақылауда ұстауға бағытталған деген тұжырым айтуға болады.

Көп жағдайда ЖДА өздерін христиандыққа қарсы қояды немесе оны сынайды. Христиандық ересь дәстүрін жалғастырушы әйгілі ағымдар – мормондар, Иегова куәгерлері және ресейлік Богородич шіркеуі. «Нью Эйджтін» басты ерекшеліктері мен шығыс діндерінің элементтерін түрлі дүниетанымдармен қосу – мунизмде көрініс тапты.



Американың психологиялық ғылымдарында тоталитарлы секталардың деструктивті әсерінің бірнеше үлгілері бар. Солардың бірі классикалық деп есептелетін Р.Дж. Лифтонның «Ойлау реформасы және тоталитарлық психологиясы» атты еңбегінде сананы түбірлі өзгертетін сегіз элементті көрсетеді, олар:

1) Айналамен қатынасты бақылау - қоршағандардың құрылымды болуы, мағлұмат пен пікір алмасу қатаң бақылауда болуы. Оның ең қатаң формасы субъекттің ішкі диалогын да бақылауға алуға дейін жетеді. Сектаның әр мүшесіне секта ішіндегі оқиға, тұрмыс-салты, мәліметтері ғана шынайылық деп сендіріледі. Бақылаулардың ең қарапайым түрі лекциялар, семинар-тренингтер арқылы субъекттің ой-пікірін біліп, қандай деңгейде екенін анықтау нәтижесінде күшейтіліп отырады.

2) Мистикалық манипуляция – алдын-ала ойластырылып, іске асырылған жағдайларды ұтымды пайдалану. Лифтон пікірі бойынша, бұл жоғарыдан (басшылықтың бақылауымен) ойластырылып, жүйелі түрде жоспарланған болып табылады, бірақ сырт көзге бәрі стихиялы түрде жүзеге асып жатқандай болып көрінеді. Ол жақсы қойылған спектакльдей болуы керек, олай болмаған жағдайда «көрермендер» арасында күмән туады. Көптеген секталарда ол дұғалар оқу, оразалар сақтау және «таңдалған тұлға» феноменімен көрінеді. Тек секталарда ғана өздерін «құтқарушы», «мессия» деп таныстыратын мистикалық күшке ие тұлғалар кездеседі. Осы «мессиялардың» арқасында ғана құпия ілім ашылып, әлем құрудан аман қалады. Мистикалық манипуляцияның қарапайым формасы кейбір еттен бас тартатын секталарда еттен бас тарту (вегетериандық) кезінде болатын субъект физиологиясындағы өзгерістерді «қасиетті рухтың» қонуы деп түсіндіру.

3) Әлемді екіге бөліп қарауды талап ету - секта «таза», «жақсы», ал қалғандары «жаман», «лас». Лифтон бойынша, мұндай бөліп қараушылық діни және саяси ұйымдарға манихейлік ұқсастықтар береді. Бұл әр секта мүшесінің жан тазалығын талап ету деген сөз. Ал ол өз кезегінде тәубе келу процесін тудырады. Арнайы ережелерге сүйеніп, топ алдында тәубеге келу топ пен көсем жағынан сындар, пікірлер жиынына жолықтырады.

4) Тәубеге келу культі - үзіліссіз тәубеге келу және тұлғаралық шекараны жоюмен кінәлілік сезімінде ұстау үшін интимдік мойындату. Сектаға дейінгі өмірінің күнәға толы екенін мойындату секта шырмауына одан сайын оралдыра береді. Өйткені өткен өмірі көпшілік алдында адасушылық болып табылған адепте тек қазіргі сектадағы кезең ғана қалады. Және болашақ туралы ойлану үшін өткен өміріндегі күнәларынан тазару керек.

5) «Қасиетті ғылым» - өз ілімдерін абсолютті, толық және мәңгілік деп мойындату, яғни абсолютті ғылымға қарсы келетін кез-келген мағлұмат өтірік деп саналады.

6) Культтік мағыналармен толтырылған тіл - өзіндік және сыни ойлану негізін жою үшін топ ішінде арнайы кодталған сөздік қордың болуы.

7) Доктрина тұлғадан жоғары - тұлға және оның индивидуалды тәжірибиесінен доктрина әлдеқайда шынайы және ақиқат.

8) Тіршілік етудің бөлінуі - яғни, топ мүшелері ғана өмір сүруге құқылы, қалғандары – «жоқ», яғни «мақсат үшін барлық әдістер керемет» [4, 12 б.].

Жастарымыздың қолына кедергісіз түсетін діни секталардың әдебиеттерінің психологиялық әсерлері:

- Индоктринация – адамды сектаға енгізу, культ идеялары мен шарттарын қабылдату;
- Дистинкция – «біз» және «өзгелер» болып бөлінушілік;
- Кінәлілік сезімін қалыптастыру;
- Фобияларды қалыптастыру;
- Агрессия стереотиптеріне сендіру;
- Ойлау стереотиптеріне сендіру;
- «Зорлық кінәсіздігі» тұжырымдамасын қалыптастыру.

Мысалы құрамында профессор, психиатр Ю.И. Полищук пен профессор, құқықтанушы Ю.М. Антонян бар «діни ұйымдарды медико-психологиялық және құқықтық сараптамадан өткізу комиссиясы» деп аталатын топ зерттемелері бойынша: «Ақ ағайындар», «Богородичный центр», «АУМ синрике», «Кришна санасы қоғамы» сияқты діни орталықтар адам психикасына, физиологиясына, жалпы адами қалпына зиян деп танылған [5]. Олар:

1) Адам санасы мен денсаулығына зиянды психикалық зорлық, адам санасын өзгертетін гип-ноз, жоралғылар, литургиялар, т.б. қолданып, тіпті қ ұрпақ жалғастыру қабілетінен де айыруға жетуі мүмкін.

2) Адамды отбасы, қоғам, мемлекеттен бас тартқызуға әкелетін әлеуметтік дезадаптацияға күйіне түсіреді.

3) Психикалық аномалиялар тудыратын тәсілдер қолдану арқылы адепт психикасын үнемі ауытқушылық қалпында ұстайды.

4) Олардың құрамында болған адепттің отбасы үшін терең моральдық және материалдық зияндарын тигізуде деген қорытындылар шығарды.

Міне, осы сияқты себептердің әсерінен жастар өзге діни ұйымдарға кіріп жатыр.

Географиялық орналасуы мен тарихи даму ерекшеліктеріне орай Қазақстан ислам діни сенімін мен мәдениетін қабылдаған мұсылман дінді халық мекені екені тарихтан белгілі. Мұсылмандық жергілікті қазақ халқының санасында берік қалыптасып, салт-дәстүрімен араласып, олардың үстем діни сеніміне, сонымен бірге дүниетанымы, рухани-мәдени байлығының бөлінбес бір бөлігіне айналды. Деректер Қазақстан халқының 70%-дан астамы ислам дініндегі мұсылман қауымы деп көрсетеді. Орта Азия, соның ішінде Қазақстан мұсылмандары ислам тағылымындағы Әбу Ханифа мазһабын ұстанушылар. Басқаша айтқанда ханафилік бағытта. Ал, бұл бағыт суннизмдегі басқа мазһабтарға қарағанда неғұрлым толерантты, демократиялық, жергілікті әдет-ғұрып, салт-сана заңдарымен, дәстүрлі нормаларымен санасатын ағым. Әлем мұсылмандарының 48 % осы мазһабты ұстанады.

Қазіргі Қазақстан аумағында өз белсенділіктерімен ерекшеленіп тұрған исламдық жаңа ағымдардан Ахмадия, Бахаи Сенімі, Уаххабилік, Хизбут Тахрир, Таблиғи Жамағат, Тәкфиршілер және жаңа сопылық бағыттардан Исмадуллашыларды көрсетуге болады.

Бахаи ағымы Ирандағы шииттік секталардың ішінен шыққан «шейхилік» тариқатының жемісі болып табылады. Өздері айтқандай, жеке бір дін емес. Бұл ағым ислам елдерінен гөрі Европада белсенді түрде әрекет етуде. Негізінен, бұларға қолдау көрсетіп отырған осы елдер болып табылады. Өздерінің қасиетті кітабы бар. Либерализм мен демократияны жақтайды. Діни төзімділікті уағыздайды. Ұлтына және нәсіліне қарай кемсітудің кез келген түріне болсын қарсы шығады. Осы секілді пікірлерімен қолдауға ие болып жүр. Халықаралық ұйымдармен тығыз байланыс орнатқан.

Бахаилік өзіндік бір діни жарлықтар ортаға қойғанымен, бұл негіздерінің басым көпшілігін ескі діндерден, әсіресе, христиандық пен исламнан алған. Шииттік исламның шейхилік тариқатындағы пікірлер бахаилікте жаңа бір сипатқа ие болып, шииттердің Махди сеніміне, Құранның аллегориялық түсіндірмелері мен хуруфилікке (әріптердің сандық көрсеткіштеріне сүйене отырып кейбір тылсым сырларды ашу) сүйенеді. Осы себепті бахаилікке шииттіктің шектен шыққан, бірақ ислам негіздерімен байланысын түбегейлі жоғалтқан синкреттік сипаттағы ағымдардың бірі деп те айтуға болады.

Бахаилер өздерінің сырт елдердегі діндестерімен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Бахаи ілімі тәуелсіздіктен бері қарай Қазақстанда айтарлықтай дәрежеде дамып кетпесе де, біртіндеп танылып келеді. Бахаилер әр түрлі ғылыми конференцияларға, әлеуметтік іс-шараларға белсенді түрде қатысып келеді. Жағдайы төмендерге қол ұшын беру, қайырымдылық іс-шаралар өткізу, көпшілікке концерттер беру, әр түрлі курстар (компьютер, ағылшын) бахаилердің діни ілімді насихаттауда басшылыққа алатын негізгі әдістері болып табылады.

Келесі бағыт Уаххабилер әулие, әруақ, періште, пайғамбарлардың рухтарын араға салып, олардан көмек сұрауды күпірлік деп санайды. Қабірлерге құран оқу, құлпытас қою секілді әрекеттер де күпір іс-әрекеттерден саналады.

Уаххабилік ілімін ұстанушылар жастар арасында көбейіп отыр. Уаххабилік ағымды ұстанушылар ұлттық салт-дәстүрлерді мойындамайды, яғни, осы ұстанымдары арқылы дәстүрлі исламды ұстанушылармен және сопылық жолындағылармен дүниетанымдық пікірталастарға түсуде. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы деректер бойынша Солтүстік Кавказдан келген миссионерлер жастарды соғыс қимылдарына, яғни жихадқа шақырып, оларды заңсыз әрекеттер жасауға мәжбүрлеген. Сондықтан шетелдік миссионерлердің ел аумағына кіруіне тиым салу керек. Уаххабилер көбіне өздерін сәләфилерміз деп атайды. Сәләф сөзінің мағынасы «бұрынғылар», «алдыңғы ұрпақ» дегенді білдіреді. Сәләфи ұғымының мағынасы Мұхаммед пайғамбарды көзі көргендер (сахабалар), сахабаларды көргендер (табиғиндер) және табиғиндерді көргендер (табаға табиғиндер), яғни сол замандағы исламды қайта қалпына келтіру, мұсылман әлемін біріктіру, бидғат амалдардан дінді тазалау.

Ислам фундаментализмі идеяларының ашық түрде таратылуы «Хизбут-Тахрир» (Азат ету партиясы) діни ұйымы іс-әрекеттерінен байқалды.

Хизбут-Тахрирдің насихат қызметі қолданыстағы және қазіргі заманғы әдістерді пайдалана отырып жүргізіледі. Радикалдық сипаттағы идеялары біздің мемлекеттігімізге, тәуелсіздігімізге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдағы ұлттық келісімге және тұрақтылыққа тікелей қауіп төндіреді. Хизбут-Тахрир мүшелері қасиетті Құран жазбалары мен пайғамбар хадистерінің мәнін өз ыңғайларына бейімдеп, бұрмалап, мұсылмандық негіздердің иманды бейнесін агрессивті, күреске шақыратын, тіпті арандататын үндеу парақтарына айналдырады. Еліміздің мұндай экстремистік топтардан әсер ететін соққы алуы екіталай, дегенмен, олардың әрекеттері ел экономикасы мен бірлігіне кері әсерін тигізетіндігіне күмән жоқ.

Қазақстан аумағында «тәкфир» идеологиясының таралуы 90-жылдардың ортасына сай келеді. Бұл ағымның басты ерекшелігі «тәкфир» (сенімсіздікпен айыптау) концепциясын негіздеу болып табылады. Бұл ағымның идеологиясын сараптаған кезде байқалатыны, үлкенді кішілі күнә жасаған әрбір адамды, Алла заңдарымен жүрмеген сол елдің басшылары мен азаматтарын имансыз, діннен шыққан санайды. Сондай-ақ өздерінің ілімдерін мойындамаған және өздеріне қосылмағандарды да осылай айыптайды. Тәкфиршілер мешіттерге бармайды және қоршаған ортадан бөлініп жүреді. Тәкфиршілер ағымы негізінен Қазақстанның батыс аймақтарында орын алған. Атап айтар болсақ Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында бұл ағымның белсенділігі айқын көрінеді. Қазақстанда «Тәкфир және Хижа Рамағаты» екі бағытта көрініс тапқан: «Бағауддин ілімі» және «Аюбиттер». Ерекше белсенділік танытып отырғаны соңғы бағыт болып саналады.

Қазақстанға «Таблиғи Рамағат» ұйымының үгіткерлері 1998 жылы Шығыстық Араб елдерінен, Үндістаннан, Пакистаннан және Қырғызстаннан бес, он адамнан тұратын топтармен келе бастады. Қазіргі таңда ұйымның мүшелері негізінен Алматы қаласында, Ақтөбе, Атырау, Ақмола, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарында белсенді әрекет етеді. Алматы қаласы мен Жамбыл облысында әйелдер рамағаты да жұмыс жасайды.

XVIII ғасырдың соңына таман Француз революциясынан кейін Еуропада панславизм (XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасырдың басы), социализм (1830), коммунизм (1843), дарвинизм (1859), ұлтшылдық секілді көптеген пікірлер, идеологиялық ағымдар пайда бола бастайды. Батыстық мемлекеттердің отаршылдық саясат ұстануы әртүрлі ұлт пен діндерден құралған үш құрылыққа жайылып жатқан Османлы мемлекетінің тұтастығына қауіп төндірді. Османлы патшасы Сұлтан II.Абдулхамид (1876-1909) көрегенділігімен, парасаттылығымен Батыстық державалар арасындағы қайшылықтар мен бәсекелестікті тиімді пайдалана отырып тепе-теңдік саясатын жүргізу арқылы мемлекеттің өмірін ұзартты. Бірақ соның ішінде бұқара халықты Батыстың ықпалынан қорғау мақсатында білім беру жүйесіне қатысты жүргізген іс-шаралары өте маңызды рол ойнады.

Османлы билігінің білім беру саласында екі басты бағытқа мән бергенін көруге болады. Біріншісі, мемлекеттің артта қалып қойған саласын көтеру мақсатында жастарды Еуропаға оқуға жіберу. Еуропада оқып келген Османлы жастары мемлекеттің экономикалық және әлеуеттік жағдайын көтеруге себепші жаңашылдықты оқып үйреніп келуі тиіс болды. Екіншісі, елдің ішінде, әсіресе орталықтан қашық елді мекендерде, аймақтарда мектептердің санын көбейту, халықты заманның талаптарына сай оқыту, дайындау. Бұқара халықты діни сауатсыздықтан және Батыстың миссионерлерінен қорғау. Дінді бұрмалаушылық, жікшілдік пен миссионерлік әрекеттен туындаған қауіп-қатердің [1, 812-б.] алдын алу үшін мектептер салу жоспарланды. Өйткені, Батыс Исламға қарсы жорық жариялаған еді. Бұны 1877 жылы Ұлыбританияның Либерал партиясының көсемі Лорд Гладстонның Қауымдар палатасында бір қолына Құран Кәрімді ұстап: «мына кітап жер бетінде болғанға дейін қырғын ешқандай азаймайды» [1, 814-б.] деген сөзінен аңғаруға болады. Құран Кәрімге қарсы дау айта алмаған Батыс елдері мұсылмандардың надандығын, шала сауаттылығын пайдаланды. Христиан миссионерлер «Қажы Али», «Абдулах Мансур» деген ат жамылып халықты көтеріліске шақырған [1, 814-б.]. (Бұл жағдай бүгінгі күні Таяу Шығыста ДАИШ түрінде көрініс тауып қайталанып отыр). Бұл Османлы билігін оқу ағарту саласы арқылы діни сауаттандыруға мән беруге итермеледі. Мектептерде оқытылатын сабақ бағдарламасында кейбір пәндердің орнына дін және ахлақ (жақсы мінез-құлық, әдеп) сабақтары қойылып, оларға бөлінген сағат мөлшері арттырылды [2, 840-843 б.]. Діни сабақтар әртүрлі мезхеп пен дін өкілдері арасында ауызбіршілік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуі тиіс еді. Бұқара халықтың діни таным-түсініктерін білім беру жүйесі арқылы көтеріп, Ислам шеңберінде тұтастықты қалыптастыру көзделді. Өйткені, Батыстық державалар П.Абдулхамидтің билігін әлсірету мақсатында «халифалық арабтарда болуы керек, түріктер оны күшпен тартып алды» деген сөздермен [3, 121-б.] арабтардың ұлтшылдық сезімдерін қоздыру арқылы іріткі туғызып, халифалық мақамның күшін әлсіретуді көздеді [4].

Метрополия мен перифирия арасындағы айырмашылықты азайту мақсатында білім беру саласында жүргізілген реформалар прогрессивті және консервативті топтардың өзара қырқыстарына себеп болды. Бұл білім беру саласындағы өзгерістерді тоқтатпаса да жалпы үдерістің жүру барысын баяулатқан. Османлы мемлекетіндегі білім беру саясаты Еуропа, көрші мемлекеттер және мемлекеттің ішіндегі аз ұлттармен болған күрес-тартыс пен бәсекелестіктің көрінісі деуге болады [5, 69-б.]. Дегенмен де Османлының заманауи білім беру әрекеті жергілікті жердің сұраныс пен талаптарын ескере отырып жүргізілуге бейімделген. Бұл туралы ағылшын зерттеушісі Бенжамин Карр Фортна өзінің кітабында тілге тиек еткен [6, 305-б.].

Білім беру саясатының қалыптасуына әсер еткен басқа бір жағдай да бар. Бұл Балқан мен Кавказдан (бұрын Османлы билігінде болған бірақ кейіннен әртүрлі себептермен Османлы мемлекетінің билігінің тысында қалған территориялардан) Османлы мемлекетіне ағылып келіп жатқан мұсылмандар Османлы мемлекетін негізінен мұсылмандардан тұратын мемлекетке айналдыра бастауы болды. Халықаралық аренадағы және мемлекеттің өз ішіндегі қалыптасқан шарттар Османлы мемлекетінде Исламды бір күш, тетік ретінде қолдануға итермелейді. Діні Ислам күрт, черкес, араб, түрік, албан секілді әртүрлі ұлттан тұратын мұсылман халықтарды сырттан келген әртүрлі теріс ықпалдардан қорғану әрі мемлекетті ыдыраудан сақтап, қуатын арттыру керек болды. Сұлтан П.Абдулхамид бұны жүзеге асыру үшін екі маңызды тетікті барынша қолданды: Ислам діні және оқу-ағарту.

Ислам дінін, П.Абдулхамид Батыстық державалардың әлсірей бастаған Османлы мемлекетінің ішкі істеріне шектен тыс араласа бастаған кезде оларға қарсы халифалық мақамның берген күші мен беделін көрсету үшін пайдаланды. Исламның біріктіруші күшін пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар Ислам өркениетінің негізгі іргетасы мен дәстүріне қайтадан қауышу мақсат етілді деуге болады. Жалпы П.Абдулхамидтің Исламдық саясат ұстануына бірнеше себеп бар [7]:

1. П.Абдулхамидтің өзі діндар кісі болғандықтан Исламның қағидаларын орындау үшін діннің күшін өз дәрежесінде болуын қалады.

2. Османлы мемлекетінің күшінен, қуатынан күмәндана бастаған мұсылмандарға қолдаудың арта түсетінін көрсету.

3. Мемлекеттегі әртүрлі мәдени құндылықтарға ие бұқара халықты Ислам дініне баса көңіл аудару арқылы діни бірлікке басымдылық беру.

4. Батыстық отаршыл державалардың шапқыншылығынан және әртүрлі мәдени құндылықтарға ие Османлы халқының (араб, күрт т.б.) арасында іріткі салып, оларды өз бақылауларына алудың алдын алу.

II. Абдулхамидтің мектептерде дін мен ахлақ (жақсы мінез-құлық, әдеп) сабақтарын арттыру әрекеті панисламизм саясатымен де үндесіп жатты. Ал панисламизм саясаты бәрінен бұрын Еуропадан туындаған социализм, пангерманизм, панславизм, национализм секілді ағымдарға, идеологияларға қарсы тұру үшін туындаған еді [8, 31-б.].

Білім ордаларында берілетін тәлім-тәрбиені, білімді Османлы рухы мен Ислам дінінің аясында әрі заманауи сұраныстарға сай беруге тырысты. Білім беру саласындағы жаңашыл бастамаларды Батыстан алғанымен мемлекеттің әлеуеттік күшін оятуда және жергілікті қажеттіліктерді қамтамасыз еткеннен кейін Батыстың шабуылына қарсы төтеп бере алатын құралға айналдыруды көздеді [5, 69-б.].

Мектептер түріктердің жиі шоғырланған жерінде, әсіресе Анадолуда көптеп ашылды. Мектептердің көптеп ашылуы екі маңызды мәселені шешуді көздейді. Біріншісі, халықтың санасын, түсінігін өзгерту; екіншісі, мемлекеттің ресми құрылымдарын елдің ең ұзақ түпкіріне дейін жеткізу арқылы биліктің күшін-қуатын барынша жаю ұстанымын байқауға болады [8, 28-б.].

Османлы мемлекетінде Батыстық үлгіде өзгерістер енгізу мақсатымен 3 қараша 1839 жылы Гюлхане Хатты Хюмаюн әмірімен басталған Танзимат реформасының қысқа мерзімде жеміс беруі мүмкін емес еді [9, 39 б.]. Танзимат реформасы көздеген мақсатқа жеткізбегесін 28 ақпан 1856 жылы Ислахат ферманын (бұйрығын) сұлтан Абдулмеджид хан (25.04.1823-26.06.1861) жариялаған еді [10, 19-23 б.].

Танзимат реформасының Османлы мемлекетінің болмысына теріс ықпал ететін аңғарған сұлтан II. Абдулхамид, Танзимат реформасын (немесе Танзимат реформасы кезінде қалыптасқан ұстанымды) жақтаған мемлекет қызметкерлеріне қызмет бермей, олардың орнына көбіне Шығыста (яғни мемлекеттің қойнауында Батыстың ықпалында қалмаған) өсіп өнген тұлғаларды қызметке алған [8, 29-б.]. Бұл тұлғалар мемлекетке қажетті Батыстың жетістіктерін Батыстың ықпалында қалмастан іске асыруға әрекет жасады. Дегенмен де бұлардың өздеріне дәстүрлі медресе жүйесін қолдаушылар қарсы тұрып, білім беру саласындағы реформалардың алға басуына кедергі жасаған.

Сұлтан II. Абдулхамид дәуірінде бастауыш және орта оқу орындарында саяси ой-пікір ағымдарының ықпалы болған. Алғашқы кезде билік, бастауыш мектепте Ислам діні, орта мектепті Османизм саясатына сай жүргізбекші болды. Дегенмен екі бағыттан бас тарпай Түрікшілдік мектептердің рухани мақсаттарының арасына кіре бастады [9, 164-б.]. Түрікшілдіктің дамуына мектептерде тек түрік мұғалімдердің тағайындалуы да ықпал етті. Османлы мемлекетіндегі аз ұлтты халықтардың және шетелдік оқу орындарына түрік мұғалімдері бақылау мақсатында тағайындалды [8, 28-б.]. Бұл, II. Абдулхамид дәуірінде Түрік тілінің барлық оқу орындарында кеңінен қолданысқа көшіп, Түрік тарихын баяндау алдыңғы қатарға шығуына себеп болды.

II. Абдулхамид дәуірінде бұрынғы оқу-ағарту жүйесінде болған бастауыш, орта, арнаулы орта мектепке (колледж) ру-тайпа басшыларының балаларына арналған арнайы мектеп қосылды. Тайпа, қауым (ру) басшыларының балаларын оқытатын мектептер II. Абдулхамид дәуірінде патшаның қорғауында ашылған мектеп. Алғаш рет 4 қазан 1892 ж. Маариф Назыры (Оқу-ағарту министрі) Зүхтү Пашаның қатысуымен Халеп, Мусул, Диарбекир, Траблусгарп, Бингази, Күдүс, Зор санжақларында (аймақтарында) төртеуден, Йемен мен Хижаздан бес баладан жиналып негізінен араб тайпа/ру басшыларының балалары үшін Стамбулда ашылған болатын. Бірақ кейіннен бұл мектепке албан және күрт тайпа/ру басшыларының балалары қабылданды. Бұл мектептерді құрудағы мақсат тайпа/рубасшыларының балаларында Османлы түсінігін қалыптастыру, халифаға, Османлы мемлекетіне адал, падишахқа шын көңілмен берілген, пайдалы азаматтарды тәрбиелеп шығару [11].

Сондай-ақ, II. Абдулхамид кезінде Османлы мемлекетінің әртүрлі құрылықтағы территориясын бөлек бөлек карталарда көрсетуден бас тартып, барлық территорияны бір картаға жинақтап көрсету түсінігі қалыптасты. Бұл Османлы оқушылары мен студенттерінің арасында орталықтанған бір саяси құрылымға бағынышты екендіктері туралы сезімнің қалыптасуына септігін тигізді [5, 206, 211, 216-б.]. Бұл жастар арасында Османлы мемлекетінің территориялық тұтастығына деген сенімін оятты.

Сонымен қатар, Османлы билігі, қауіп-қатер сезген жерлерге ғұламаларды уағыз насихат үшін арнайы жіберіп отырған [6, 309-б.]. Османлы мемлекетінің түпкір түпкірінде ашылып жатқан мектептерге сабақ беретін мұғалімге сұраныс туындады. Осы орайда, 1878 жылы мұғалім дайындау мақсатымен Жалпыға білім беру министрлігінің бақылауында Дарул Муаллимин ашылды.

Сонымен қатар, Сұлтан II. Абдулхамид, Сұлтан Абдулазиз кезінде тоқтатылған шетелге оқуға жіберу бағдарламасын 1880 жылы қайтадан жандандырады. Сұлтан II. Абдулхамид кезінде шетелге әртүрлі сала мамандықтар бойынша 432 адам жіберілген [12, 36-б.].

Осы орайда, П.Абдулхамид дәуіріндегі оқу-ағарту саясатының қаншалықты жемісті болғандығына қатысты сұрақ туындайды. Бұл кезеңде ұстанған саясат пен жүргізілген оқу-ағарту саясаты Османлы мемлекетінің ыдырауына әрі жаңа заманауи мемлекет пен халықтың пайда болуына қажетті алғы шартты дайындаған. Яғни жүйе өзінің түбіне жететін қарсыластарды дүниеге әкелген. Сұлтан П.Абдулхамидке қарсы алғашқы ұйымдасқан оппозициялық топ, көпшілігі студент пен әскери болған зиялылардан тұрды. 1889 жылы құпия ұйым құрып, тарихта «Жас Түркітер» ретінде қалған оппозициялық топ, неосманизмнің бостандық, еркіндік, конституционализм ой-пікірлерін ұстанды [13, 239-б.]. Сұлтан П.Абдулхамидке қарсы келушілер негізінен:

1. Еуропада оқып келгендер, яғни Батысты көргендер.

2. Батыстың «мәдениетімен», Еуропалық философтардың еңбектерін оқып санасы уланғандар, Батысқа табынушылар.

3. Сұлтан П.Абдулхамидтің саясатымен келіспеушілер.

Жастардың оппозициялық топ құруын бір жағынан білім беру жүйесінің жастардың санасын оятатындай дәрежеге жеткізудегі «жемісі» деуге болады. Басқа бір қырынан бұны, заманауи білім беру жүйесін іске асыру барысында кеткен кемшіліктің бір көрінісі деп қарастыруға болады.

П.Абдулхамид дәуірінде ашылған заманауи мектептерде мемлекеттің түпкір түпкірінен келіп оқығандар 1908 ж. төңкерісті ұйымдастырды. Нәтижеде сол төңкерістің салдарынан Османлы мемлекеті ыдырап, қазіргі Түркия республикасының құрылуына алғы шарттар жасалды [14, 245 б.].

Бұл жерде салыстырмалы түрде 14 (26) желтоқсан 1825 ж. Ресей патшасына қарсы келген Ресей дворяндары мен офицерлерінің төңкеріс жасау әрекетін айтып өтуге болады. Желтоқсан, яғни декабрь айында болуы себепті декабристер атанған Ресей декабристерін төңкеріс жасауға итермелеген басты себептер:

1. 1812 ж. Наполеон Банопартты талқандау үшін Парижге дейін барған Ресей әскерлерінің Батыс Еуропа мемлекетінің саяси-экономикалық және әлеуметтік өмірімен танысуы.

2. Ағарту дәуірінің Вольтер, Руссо, Монтескье, Ф.Р. Вейсс секілді Батыстық философ жазушылардың еңбектерінің ықпалы.

3. Ресей императоры І.Александр үкіметінің саясатымен келіспеушілігі.

(Ресейдегі декабристердің жағдайы Османлы мемлекетіндегі Жас Түріктердің /Jon Türkler/ жағдайына ұқсас). Сондай-ақ, Кеңес өкіметінің басшысы И.Сталин де фашистерді талқандау үшін 1945 жылы Берлинге дейін барған Кеңес өкіметінің әскерінен болашақ декабристер секілді өзіне қарсы келуі мүмкін деп қауіптенеді. Олардың көпшілігін НКВД арқылы Сібірге итжеккенге айдап жіберген болатын. Сталиннің декабристерден үрейленгені соншалық декабристерді еске салуды, олар туралы ақпаратты жаюға шектеу қойған [15].

П.Абдулхамид оқу-ағарту саласын модернизациялағанымен Батыстық идеологияның Османлы қоғамына енуіне кедергі бола алмады. Өйткені, Османлы мемлекеті Батыстың ұсыныстарын мемлекеттің ерекшелігін ескермей қабылдаған еді. Атап айтқанда, 1866 ж. Крит көтерілісіне байланысты Еуропа елдері Османлы мемлекетіне реформа жасау үшін өздерінің ұсыныстарын айтады. Османлы мемлекеті бұлардың ішінен Францияның ұсынысын 22 ақпан 1867-де қабылдаған болатын. Осының негізінде Османлы білім беру жүйесі Францияның білім беру жүйесіне қарай құрылады [9, 20 б.]. Француз ұсынысы либерал Османлы қауымы Түріктердің және Түрік тілінің төңірегіне топтасуы керек дейді. Танзиматшылар осы тұрғыдан Француз ұсынысын қабылдаған. Бірақ бұның астарында ұлтшылдықтың жасырын жатқанын аңғара бара алмады. Жоғарыда атап өткеніміздей, мектептерге тағайындалған түрік мұғалімдері түрік тарихын оқыта бастаған. Француздар Османлы тілі аясында өздерінің түрік екендіктерін ұмыта бастаған түріктердің ұлтшылдық сезімін оятты. Түріктердің және Түрік тілінің төңірегіне топтасу өзге аз ұлттардың ұлттық сезімдерін қамшылап оятты. Олар Түріктердің және Түрік тілінің төңірегінде емес, өз ұлт көшбасшыларының және өздерінің ұлттық тілінің төңірегіне топтасқанды артық көрді. Османлы мемлекетіндегі тіл саясаты аз ұлттардың өздерінің тәуелсіздігі жолында күресуге итермеледі. (бұл бүгінгі Украинада орыс тілін шектелуімен елдің шығысында орыс халқының сепаратистік әрекетіне себеп болуына ұқсас жағдай).

Сонымен қатар, Османлы мемлекетінде әкімшілік-басқару және құқық пәндерінің оқытылуына мән берілген еді. Ал бұл көп ұлтты Османлы мемлекетінде аз ұлттардың өзін өзі басқаруға, өз құқықтарын қорғауға ұмтылуы қоғамдағы тұтастықты бұзып, іріткіге себеп болды.

Османлы мемлекетіндегі кейбір аймақтардың сыртқы күштің ықпалында қалуы ол жердегі мұсылман қауымның артта қалғандығына дәлел болса керек. Бұлардың ішінде, әсіресе Ирак

аймағында өмір сүрген арабтардың көрші Иранның ықпалында қалып шиалықты қабылдай бастауын айтуға болады. Бұл Османлы мемлекетінің жырақ аймақтарда білім беру жүйесі арқылы Ислам дініне көңіл бөлудің дұрыс екенін көрсетеді. (Бүгінгі күні Түркияның Таяу Шығыста неосманизм саясатына қарсы Батыс шиит-сүннит араздығына бағытталған саясат жүргізіп отыр. Ирактағы суннит Саддам Хусейн режимін шиит арабтар АҚШ-тың қолдауымен төңкеріп билікке келді [16]).

Османлы сұлтаны II.Абдулхамид ханның ұстанған саясатын әрі оқу ағарту саласы арқылы Ислам дініне көп көңіл бөлу ұстанымын әскери төңкеріспен өзін тақтан тайдырғандар жалғастырмады. Нәтижеде, оқу ағарту саласында Ислам дінінің өз деңгейінде халық арасында үйретілмеуінің салдарынан көпшілігі араб, күрт, албан секілді әртүрлі мұсылмандардан тұратын Османлы мемлекетінің халқы сыртқы күштің азғыруына алданып, сепаратистік қозғалысты бастады. Әрине, бұл жерде тек оқу-ағарту саласымен шектелуге болмас. Мемлекеттің ыдырауына бірнеше себептерді айтуға болады. Дегенмен де стратегиялық тұрғыдан оқу-ағарту саласы маңызды құрал еді. І.дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Османлы мемлекетінде Батыс державаларының жансыздары Уаххабистік ағым, араб ұлтшылдығы, күрт ұлтшылдығының жандануы бағытында жұмыс жүргізді. Арабтар ағылшындардың сөзіне еріп түріктердің ту сыртынан шабуыл жасап, жеңіліске ұшыратты. Османлы мемлекетіндегі ұлтшылдыққа сүйенген қозғалыстар тұтас бір империяның ыдырауына себеп болды.

Қорыта келгенде, сұлтан II.Абдулхамидтің кезіндегі білім беру жүйесінің негізгі ерекшеліктерін қысқаша былайша тұжырымдауға болады. II.Абдулхамид кезінде мектептердегі оқу бағдарламасында Ислам діні және әдеп сабақтарына көп көңіл бөлу негізінен Батыстан келген әртүрлі идеологиялық ағымдарға қарсы тұру үшін әрі Танзимат реформасының елге келтірген залалдарының орнын толтыру мақсатымен жүргізілді. Сонымен қатар, Османлы мемлекетіндегі миссионерлерге, әртүрлі аз ұлттардың сепаратистік әрекеттеріне және көрші мемлекеттерден төнген қауіп қатерге қарсы тұру мақсатында жасалды. Білім ордаларының тұрақсыздыққа немесе басқадай қауіп-қатерге себеп болар мемлекеттің солқылдақ, осал аймақтарында ашылуына көбірек мән берілді. Бұрын тек мемлекеттің Стамбұл секілді орталығында болған мектептер араб, күрт секілді өзге мұсылман халықтар шоғырланған аймақтарда ашылды. II.Абдулхамид бұл мектептерде мұсылмандарды бауырмалдыққа шақыру үшін Османлы рухы мен Ислам дінін оқытуға көңіл бөлді.

Білім беру саясаты, барған сайын әлсірей бастаған Османлы мемлекетінің болашағы үшін жүргізіліп жатқан соғыспен тең болды. Сондықтан білім беру саясатында күші басым Батыспен бақталастық емес, онымен ымыраға, мәмілеге келу әрекеті байқалады. Өйткені, Османлы мемлекетінің білім беру саласынан басқа әскери, экономикалық, идеологиялық және мәдени бағыттарда да Батыспен күрес-тартысы жүріп жатқан еді. Османлы мемлекетін әскери не болмаса саяси тұрғыда отар елге айналдыра алмаған Батыстық елдер Османлы мемлекетін идеологиялық және мәдени бағытта өз отарына айналдыруға тырысты. Бұған қарсы тұру үшін II.Абдулхамид оқу-ағарту саласында Батыстық моделге сүйенгенмен Батыстан алатын жетіктістерді алдымен елеп екшеп сосын оның зиянды ықпалдарын «Османлы және Ислам элементтерімен» әлсіретіп, өңдеп және бейтараптандырып халыққа ұсыну әрекетін жүргізді. Бұл бізге бүгінгі күні Батыстық идеологияның (сонымен қатар өзге салалардағы үстемдігі) ықпалы өршіп тұрған кезде білім беру жүйесін өте мұқият жүргізуді талап етеді. Батыстан келген ұсыныстарды еліміздің ерекшелігін ескере отырып жүзеге асырған жөн. Сонымен қатар, Батысқа оқуға жіберілгендер Қазақстанға оралған кезде Батыстық құндылықтарды енгізуге не жүзеге асыруға әрекет жасауы еліміздің табиғи болмысына орны толмас зиянға ұшыратуы мүмкін. Сондай-ақ, кейбір мұсылман елдерінде діни білім алып келген жастарымыздың Қазақстандағы дәстүрлі дінге қайшы ағым мен мезхтебі уағыздауы еліміздегі мұсылман қауымның тұтастығына зарар беруі мүмкін.

Сұлтан II.Абдулхамидтің саясатын Түркияның президенті Р.Тайыб Ердоғанның ұстанған саясатынан байқауға болады. Түрік үкіметі елдегі 15 Тамыз 2016 төңкеріс әрекетінен кейін Түркияда барлық мектептердің оқу бағдарламасына дін және әдеп сабағын бастауыш сыныптардан жоғарғы сыныптарға дейін енгізіп, діни оқуды мемлекеттің қатаң бақылауына алды. Қазіргі әлемде діни лаңкестік әрекеттері өршіп тұрған кезде, Қазақстан үкіметі де халықтың дінге деген қызығушылығы мен сұранысын қанағаттандыру мақсатымен 4-5 сыныптан бастап діни сауаттылық пен әдеп сабақтарын бағдарламаға енгізу керек. Мектептерде арнайы сабақтарды Ислам дінінің әдеби мен имандылығы аясында жүргізу Қазақстандағы өзбек, ұйғыр, шешен, әзербайжан, татар, түрік, күрд, дүнген, тәжік секілді өзге мұсылман азшылықтың бір-бірімен әрі қазақ халқымен ет пен тері секілді

болып кетуіне септігін тигізеді. Әрі Қазақстанның мызғымас біртұтастығын қамтамасыз етеді (сол кезде қазақ пен тәжік не басқа ұлт өкілдері арасындағы әдеттегі дау ұлтараздық қақтығысқа, дауға айналмайды). Сондай-ақ білім беру жүйесін, жахандану үдерісі барысында әртүрлі ағымдар мен әлеуметтік желілердің Қазақстанда тез әрі жылдам түрде жайылып, өз ықпалын жүргізуіне тосқауыл алатындай етіп қалыптастыру қажет. Осы тұрғыдан білім беру саласына бұқара халықтың санасын тәрбилейтін бір стратегиялық құрал ретінде көңіл бөлген жөн.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 O.Nuri Ergin, *Türkiye Maarif Tarihi*, 1-2 Cilt, İstanbul, Eser Matbaası, 1977, 831 бем.
- 2 O.Nuri Ergin, *Türkiye Maarif Tarihi*, 3-4 Cilt, İstanbul, Eser Matbaası, 1977, 839-1597 бем.
- 3 Davut Hut, *Osmanli Arap Vilayetleri, Arabizm ve Arap Milliyetçiliği*, VAKANÜVİS- Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi/ International Journal of Historical Researches, Yıl/Vol. 1, Ortadoğu Özel Sayısı/ Special Issue on the Middle East ISSN: 2149-9535, 105-150 беммеп.
- 4 İsmail Köse, *İngiliz Arşiv Belgelerinde Arap İsyanı*, İstanbul, Kronik Kitap, Şubat 2018, 451 бем.
- 5 Benjamin Carr Fortna, *Mektebi Hümayun: Osmanlı İmparatorluğu'nun Son Döneminde İslam,Devlet ve Eğitim*, İletişim Yay., İstanbul 2005, 320-бем.
- 6 Ercan Uyanık, Benjamin Carr Fortna, *Mektebi Hümayun: Osmanlı İmparatorluğu'nun Son Döneminde İslam,Devlet ve Eğitim*, İletişim Yay., İstanbul 2005, *Türklük Araştırmalar dergisi* – 18, *Değerlendirme – Kitap*, Güz 2005, 303-311 беммеп.
- 7 II. Abdülhamid ve Panislamizm, <http://www.serenti.org/ii-abdulhamid-ve-panislamizm/>, 18 Aralık 2014
- 8 Yaşar Baytal, *Tanzimat ve II.Abdülhamid Dönemi Eğitim Politikaları*, Ankara Üniversitesi Osmanlı Tarihi Araştırma ve Uygulama Merkezi Dergisi, Sayı:11, Sayfa Aralığı: 23-32, *Ayrıbasım*, Ankara Üniversitesi Basımevi, Ankara 2001, 23-32 беммеп.
- 9 Bayram Kodaman, *II. Abdülhamid Devri Eğitim Sistemi*, TTK Basımevi, Ankara 1991, 184 бем.
- 10 Kemal Gözler, *Türk Anayasa Hukuku*, Bursa Ekin Kitabevi Yayınları, 2000, XXXII+1072 s.
- 11 Sultan II. Abdülhamid'in Aşiret Mektepleri, <https://www.ogrenmen.com/sozel-bilimler/sultan-ii-abdulhamidin-asiret-mektepleri.html>
- 12 Mustafa GENÇOĞLU, *Sultan II.ABDÜLHAMİD'İN Yurt Dışı Eğitim Politikası*, Kırıkkale Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, Temmuz 2014 / Cilt: 4 Sayı: 2, 33-73 беммеп.
- 13 Süleyman KARATAŞ, *Osmanli Eğitim Sisteminde Batılılaşıma*, *Sosyal Bilimler Dergisi*, Cilt 5, Sayı 1, Afyonkarahisar2003, 231-242 беммеп., <http://www.sbd.aku.edu.tr/V1/skaratas.pdf>
- 14 Mustafa Gündüz, *II. Abdülhamid Dönemi Eğitimi ve İdeolojisi Üzerine Tartışmalar*, *Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi*, *Türk Eğitim Tarihi Sayısı*, Cilt 6, Sayı 12, İstanbul 2008, 243-286 беммеп.
- 15 Мухаил Карпов, «Декабристы — главный миф русской интеллигенции», <https://lenta.ru/articles/2017/05/27/dekabristy/>, 27 мая 2017
- 16 Бахар Макој, *Шии́ты и сунниты: с чем связана эта вспышка ненависти?* <http://inosmi.ru/world/20140704/221437233.html>, 04.07.2014.

## **ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ FORTHE AID TO THE TEACHER**

МРНТИ 27.01.19

*Пак Н.С.<sup>1</sup>, Буркитбай Г.Ж.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*КазУМОуМЯ имени Абылай хана  
[knspak@mail.ru](mailto:knspak@mail.ru)*

### **МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ**

#### *Аннотация*

Межкультурная коммуникация – одна из актуальных направлений в ряде наук: социологии, политологии, лингвистике, социолингвистике и др. Разработка ее проблем особо важна для полиэтнических государств, таких, как Казахстан. В статье рассматриваются языковые и культурологические средства коммуникации в Казахском обществе на примере культур различных этносов. Приведены примеры толерантного поведения в межкультурном общении. Подчеркивается важность изучения специфики использования различных средств коммуникации при взаимодействии с представителями разных культур. Знание и использование адекватных способов и средств общения в разных культурах даст возможность успешной коммуникации и избежать культурных шоков. Отмечается, что Казахстан – образец благополучного осуществления межкультурной коммуникации в многонациональном обществе. Даются рекомендации: для разрешения и избежания межкультурных конфликтных ситуаций необходимо, прежде всего, преодолеть этнокультурную предубежденность и понимать символы другой культуры.

**Ключевые слова:** межкультурная коммуникация, многонациональное общество, этническая культура, средства коммуникации, культурный шок, толерантное поведение.

*Н.С. Пак<sup>1</sup>, Г.Ж. Буркитбай<sup>1</sup>*

*Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ  
[knspak@mail.ru](mailto:knspak@mail.ru)*

### **ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ**

#### *Аңдатпа*

Мәдениаралық қарым-қатынас – әлеуметтану, саясаттану, лингвистика, әлеуметтік лингвистика және т.б. сияқты ғылымның өзекті бағыттарының бірі. Оның мәселелерін талдау Қазақстан сияқты полиэтникалық мемлекетке өте қажет. Мақалада қазақстандық қоғамдағы түрлі этностар мәдениеті негізіндегі қарым-қатынастың тілдік және мәдениеттану құралдары қарастырылады. Мәдениаралық қарым-қатынастағы толерантты мінез-құлық мысалдары келтірілген. Түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасындағы коммуникацияның әр алуан құралдарының қолданылу ерекшеліктерін зерделеудің маңыздылығы айшықталады. Түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасындағы коммуникация құралдарын орынды қолдана білу мәдени шок болдырмауға жағдай жасайды. Қазақстанның көпұлтты қоғамдағы мәдениаралық қарым-қатынас жасаудың озық үлгісі екендігі нақтыланады. Мәдениаралық қатығыстарды болдырмау үшін және оң шешім шығаруда, ең алдымен, басқа мәдениеттің символдарын дұрыс түсініп және этномәденилік сенімділікті жеңе білу қажеттігі жайында дәйекті ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** мәдениаралық қарым-қатынас, көпұлтты қоғам, этикалық мәдениет, коммуникация құралдары, мәдени шок, толерантты мінез-құлық.

## INTERCULTURAL COMMUNICATION IN KAZAKHSTANI SOCIETY

### *Abstract*

Intercultural communication is one of the relevant areas in a number of sciences: sociology, political science, linguistics, sociolinguistics, etc. The development of its problems is especially important for multi-ethnic states, such as Kazakhstan. The article discusses the linguistic and cultural means of communication in Kazakhstani society on the example of cultures of various ethnic groups.

Some examples of tolerant behavior in intercultural communication are given. The importance of studying the specifics of using various means of communication when interacting with representatives of different cultures is emphasized. Knowing and using adequate ways and means of communication in different cultures will enable successful communication and to avoid cultural shocks.

It is noted that Kazakhstan is an example of successful implementation of intercultural communication in a multinational society. The recommendations are given: to resolve and avoid intercultural conflict situations, it is necessary, first of all, to overcome ethnic-cultural prejudice and understand the symbols of another culture.

**Keywords:** intercultural communication, multinational society, ethnic culture, means of communication, cultural shock, tolerant behavior.

### **Введение.**

В современном периоде глобализации и необходимости межгосударственного и межэтнического взаимодействия появляются новые научные направления, среди которых особое место занимает МК. Разработка этого направления особо актуальна для полиэтнических и мультикультурных обществ. Почти во всех крупных вузах России открыты специальные кафедры, ведущие подготовку специалистов новой профессии - специалистов по МК общению.

Поиск путей сближения народов с разными культурами, их взаимопонимания и разумных компромиссов без утраты собственной социокультурной идентичности одна из актуальных проблем современности.

В общении люди используют три вида знаний, составляющих коммуникацию – когнитивные, лингвистические и культурологические. Когнитивные – это знания о реальном мире, которыми владеют все говорящие на этом языке, лингвистические – знания лингвистических средств и культурологические – элементы этнической культуры [1, с.15].

Рассмотрим подробно языковые и культурологические средства и способы коммуникации в разных культурах.

### **Языковые средства выражения межкультурных различий.**

Прежде всего, следует отметить, что если два этноса используют в своей практике общения два разных языка, то этот факт препятствует коммуникации между ними. Преодолеть языковой барьер можно в том случае, если хотя бы один член одной общности изучит язык другой общности и станет тем самым двуязычным человеком (билингвом). Никакого другого способа установить межэтнический контакт – нет, только через билингвизм. Огромна роль языка как средства коммуникации и условием успешной коммуникации между представителями разных культур является знание билингвом всех тонкостей языка партнера. Однако языковой барьер не единственное препятствие к взаимопониманию. Для эффективного общения необходимо преодолеть барьер культурный [2, с.34]. Языки должны изучаться в неразрывном единстве с миром и культурой народов, говорящих на этих языках.

Главным аспектом исследования специалистов по МК является изучение специфики использования различных средств коммуникации при взаимодействии с представителями разных культур. Знание и использование адекватных способов и средств общения в разных культурах даст возможность успешной коммуникации и избежать культурных шоков.

Приведем примеры специфики использования языковых средств коммуникации представителями разных культур.



На утреннее приветствие *nan megesso*, что означает – доброе утро, последовал ответ – нет, я еще не завтракал. Такое приветствие приемлемо в корейской культуре, но оно не типично для культуры советских корейцев, ассимилированных культурой окружающих народов.

В языке советских корейцев утрачены некоторые элементы категории вежливости: отсутствует местоимение *це/цэ*, принижающее статус говорящего, а есть только местоимение *нае/на*, не употребляется также почтительный аффикс *-ним* по отношению к детям собеседника (*тта-ним*, *адэ-ним*).

Под влиянием русской культуры в корейских семьях к родителям обращаются на «ты», также супруги между собой обращаются на «ты» и по имени, что не типично для корейской культуры.

Другой пример подобного рода случился также на конференции в русскоязычной аудитории, когда молодой докладчик из Кореи, закончив свое выступление, сказал «извините за мой неинтересный и скучный доклад». Конечно же, он вызвал у слушателей смех. На самом деле он исходил из норм поведения своей культуры. Приуменьшив личные достижения и отрицательно охарактеризовав свое выступление, он продемонстрировал скромность и уважение к присутствующим. Он находится в полном соответствии с корейской системой вежливости, где принижая себя, говорящий возвышает собеседника и таким образом демонстрирует вежливость по отношению к нему.

В коммуникации выделяются языковой и поведенческий аспекты, а тип коммуникативного поведения народа предопределен культурой и закреплены его традицией. Знание этнических особенностей коммуникативной культуры способствует эффективному общению.

Трудности в межкультурной коммуникации возникают из-за того, что коммуниканты оценивают поведение друг друга, исходя из своих норм и традиций, а также находясь под влиянием своего коммуникативного сознания, т.е. пользуясь языком партнера, находятся в плену своего национального стиля коммуникации. Данное явление называется коммуникативной интерференцией. Она приводит к серьезным коммуникативным ошибкам и неудачам. Приведу пару примеров.

1) Приведем яркий пример проявления разности культур на кафедре корееведения в университете КазУМОиМЯ. После проведенного открытого урока по корейскому языку, согласно советской педагогической традиции, необходим был критический разбор всего урока, т.е. указать, что было хорошим, а что неудачным. Все выступающие должны были указать на положительные моменты и на недостатки с тем, чтобы учесть эти недостатки в своей практике. Вместо этого преподаватель из Кореи поблагодарил за замечательный урок и поаплодировал. Никакой критики не было. Это яркий пример разности традиций корейской и советской. Под словом «советский» я имею в виду бывший Советский Союз, где для всех проживавших в этой стране 150 национальностей была одна идеология – советская, одна конституция, общие для всех нормы и правила поведения в обществе и русский язык, владение которым была обязательным и необходимым.

Кстати, в коммуникативной культуре казахов также отсутствует прямая критика, а несогласие выражается в виде пожелания. Нельзя критиковать кого-либо, можно пожелать ему того, чего у него нет, поэтому пожелание в коммуникативной культуре казахов имеет глубокий подтекст. С такими партнерами по общению, которые избегают прямой критики, нет агрессивного дискурса, и собеседник становится сдержанным в проявлении негативных эмоций. Подобные тактики в дискурсе необходимо принимать в перлюкутивных целях [3, с.48-49]. Знание и применение данных правил поведения отличает коммуникативные тактики не только самих казахов, но и представителей иных культур, кому свойственны подобные правила поведения. В этом плане коммуникативные культуры корейцев и казахов сходны.

В полиэтническом обществе культура уже не может быть моноэтнической. Попадая в полиэтническую среду, представитель любого этноса должен адаптироваться и осознанно формировать межкультурную толерантность. Потребность в адаптации к новым условиям существования при усилении влияния иноязычного языка и чужой культуры приводит к изменению социального поведения. Чужая культура становится частью своей культуры. Эти качества приобрели корейцы, адаптируясь в новом социуме к русской культуре, сначала в России после переселения в середине 19 века, а затем в Средней Азии - к тюркской культуре. Это уважение, проявляемое к культуре народов, с которыми ты живешь [4, с.46]. Так, советские корейцы, живя почти полтора века бок о бок с русскими, овладев русским языком и приобщившись к русской, а через нее и к европейской культуре, не испытывают в общении с представителями этих культур культурных шоков.

Немаловажным для успешной коммуникации является проявление толерантности коммуникантами. Приведем примеры толерантного поведения в межкультурном общении. Как приветствуют корейцы и японцы при встрече с незнакомыми людьми? Согласно восточной традиции приветствие осуществляется поклонами, а не пожатием руки, как по европейскому этикету. Тем не менее, при встрече с европейцами корейцы и японцы следуют европейской традиции.

Есть и другая проблема для диаспор, живущих в многонациональных обществах: как осваивая чужую культуру в межкультурном взаимодействии и проявляя толерантность, сохранить свою национальную идентичность

Главное, осознавать уникальность своей и чужой культуры. Естественно, что в процессе МК будет проявляться свой менталитет и национальный характер. Для разрешения и избежания межкультурных конфликтных ситуаций необходимо, прежде всего, преодолеть этнокультурную предубежденность и понимать символы другой культуры. Примеры:

Попытаемся на примере корейской диаспоры Казахстана и др. регионов СНГ показать, как удастся нам благополучно осуществлять МК, избежать межэтнические конфликты и жить гармонично в многонациональном обществе.

Языковая и культурная идентичность корейцев Казахстана.

Казахстан – полиэтническое, поликультурное государство. В нем живут более 130 этнических групп и вопросы, касающиеся этнических процессов в них в современном динамично изменяющемся внешнем мире, очень актуальны.

Тенденции глобализации, охватывающие различные стороны жизни народов мира, оказывают двоякое воздействие на этнические процессы: с одной стороны, они способствуют расширению сотрудничества, взаимодействию и взаимопроникновению культур, а в определенной степени унификации национальных культур различных этносов, выработке общих ценностных ориентаций. С другой стороны, они актуализируют ряд проблем, среди которых важное место занимает проблема сохранения и развития национальных культур – традиций, обычаев и всего того, что определяет культурную идентичность любого народа. Идентичность - это сущность твоего я: кто я? Обычно к факторам идентичности относят: национальность, язык, культуру, менталитет, религию, самоопределение, то, что отличает от других, антропологические данные и пр. Однако эти условия недостаточны для характеристики идентичности представителей диаспор. Она отличается от идентичности в метрополии. В иммиграции для социализации в новой среде наблюдается сознательная ассимиляция в новой культуре. Корейские ценности: трудолюбие, почитание старших, стремление родителей дать детям хорошее образование, и др. Эти качества дают возможность легко адаптироваться в любом социуме. Корейской диаспоре СНГ свойственна смешанная идентичность. Объясню данный феномен.

По общепринятому определению, этническая группа – это группа людей, имеющих некоторые особые этнические, т.е. культурные, языковые, религиозные или расовые черты, которых объединяет полное или частичное происхождение и которые сами осознают свою причастность к общей группе. Освоенные и воспринятые этнические различия – это язык, культура и религия, в то время как расовые черты передаются наследственно. Кроме понятия «этнический», есть понятие «национальный», причем первое распространено шире [5, с.218]. Корейцы диаспоры СНГ четко осознают этническую идентичность, но в то же время они не менее четко осознают и свою причастность к другому обществу – гражданскому обществу того государства, где они проживают (Казахстан, Узбекистан, Россия). В них есть свои ценности, свои долг и обязанности как гражданина страны, которые они должны соблюдать и уважать, правила и нормы поведения, они прописаны в конституции. Это значит, что члену диаспоры, проживающему в мультикультурном полиэтническом обществе свойственна смешанная идентичность.

В контексте изложенного представляется весьма интересным, как идентифицируют себя проживающие в Казахстане этносы.

Как развиваются этнические отношения в суверенном Казахстане? В науке известны три модели таких отношений:

1. Первая модель: полная ассимиляция, когда иммигранты отказываются от своих традиций и обычаев.

2. Вторая модель: разные этносы, проживая вместе, не теряют своих культурных и поведенческих особенностей, но в то же время эти особенности смешиваются, переплавляются и создают новый тип культуры. Эта модель характерна для этнической ситуации в США.

3. Третья модель – плюралистическая культура: общество развивается на основе многокультурного принципа, когда каждый этнос, с согласия других, сохраняет свою собственную культуру. В таком обществе существуют разные, но равноправные субкультуры. Казахстан придерживается третьей модели, когда существующие культуры обогащают общую культуру.

Что делает для этого государство?

В Казахстане созданы благоприятные условия для поддержания языковых и культурных традиций малых народов/диаспор. Для этого есть все необходимые предпосылки: действуют национальные культурные центры, ассоциации, 6 национальных театров (немецкий, уйгурский, русский, корейский и др.), 3 национальные телепрограммы, выпускаются газеты, в вузах работают уйгурское, турецкое, немецкое, корейское отделения. Отметим, что в Казахстане доминируют мажоритарные этносы: казахский и русский.

Корейская диаспора – одна из крупных этнических групп в Казахстане, насчитывающая более 100 тыс. человек. Корейцы Казахстана переселены, как известно, из Дальневосточного края России советской властью в 1937–38 годах во время обострения пограничных отношений СССР с Японией, в состав которой входила тогда Корея.

В период становления Казахстана как самостоятельного государства была создана Ассоциация корейцев Казахстана – социальная организация, регулирующая взаимную деятельность собственных членов. Названный руководящий орган функционирует с 1990 г. Одна из главных ее задач - передать молодому поколению ценностные традиции корейской культуры.

Особо отметим, что все национальные культурные центры и ассоциации имеют представительства в Ассамблее народов Казахстана (в Ассамблее 364 представителя диаспор). Через этот совещательный, консультативный неправительственный орган при Президенте РК все народы Казахстана через свои национальные культурные центры имеют возможность не только представлять свои интересы, но участвовать в обсуждении и принятии решений ряда важных государственных вопросов. Данная модель участия этнических групп в управлении государством признана уникальной и по своей структуре и по содержанию и находит все больше положительных оценок в мировом сообществе.

Казахстан, находясь на перекрестке Европы и Азии, концентрирует в своей культуре и образе жизни начала западное и восточное, тюркское и славянское. Именно поэтому здесь мирно сосуществуют и западная демократия и восточные традиции, христианство и мусульманство, буддизм и иудаизм. Казахстан можно считать уникальной лабораторией поиска и обретения не только способов сожителства, но и развития через взаимодействие.

Полиэтничность неизбежно сопровождается заимствованиями в быту и культуре. Проживая в иноэтнической среде, корейцы утратили в значительной степени национальные особенности своей материальной культуры, но взамен приобрели новые. Так, казахское гостеприимство, казахское традиционное застолье стали под влиянием казахской культуры частью корейской культуры. Под влиянием культур других этносов активно проходят процессы адаптации, заимствования, синтеза обычаев, особенно в городе.

Корейской культуре присущи открытость к усвоению иных культур и трансформация своей, что во многом обусловило сохранение своей культурной идентичности. Помимо обычаев, характеризующих культурную идентичность корейцев, сегодня можно встретить и элементы других культур. Такое смешение стало следствием так называемой транскультурации – процесса взаимного влияния. Процессы взаимодействия корейской с русской и казахской культурами не на этнической территории прослеживаются в развитии языка, в традициях. Это значит, что язык казахстанских корейцев имеет существенные отличия от языка Корейского полуострова. В условиях тесных контактов появился значительный слой русской и казахской лексики, обогатившей лексический состав корейского языка.

Вполне закономерно то, что, находясь в полиэтнической среде, этносы испытывают влияние контактирующих культур, что ведет к трансформации этнического сознания и самосознания. Показать фильм Сона Л.Д. В представленном фильме представители разных этносов прекрасно владеют корейским языком, языком корейской диаспоры СНГ.

В речь Коваленко Марии Николаевны, которая выросла в детдоме и замуж вышла за корейца и всю жизнь прожила в корейской семье, вклиниваются русские слова: *огород, первый раз, машина, уголь, вагон печка*. Но есть и словосочетания, где существительное - русское слово, а глагол – корейское слово: *загружай хагу «загружать», пенсия тхагу «получать пенсию»*.

Процесс адаптации корейцев в Казахстане происходил без значительных потерь традиционно национальных культурных элементов вследствие общности многих компонентов корейской культуры с казахским и другими народами алтайской семьи. Так, велика роль в традиции казахского народа обычай «Жеті ата» - «Семь колен родства». Согласно этому обычаю человек у казахов и корейцев должен знать своих предков до седьмого колена. У казахов как минимум до 7 колена нельзя вступать в брак.

При этом от каждого члена общества у казахов требуется не просто перечисление своих предков, но и знание их дел, черт характера, физического облика и других подробностей. А в корейской культуре нужно знать обязательно имя рода (пони).

Для традиционной Кореи были характерны большие семьи, где вместе жили несколько поколений, и их члены до восьмого колена считались одной семьей. Корейцы придают большое значение сыновней почтительности к родителям и духу предков, супружеской верности и преданности друзьям, что относится к числу непререкаемых ценностей и казахского народа. Удивительно много совпадений в обычаях, традициях, культуре корейцев и казахов.

В 2004 году в жизни диаспоры произошло важное событие – был построен Корейский дом – место общения и консолидации корейцев. Под его крышей находится руководящий орган Ассоциации корейцев Казахстана, редакция корейской газеты, студия ТВ, молодежное движение корейцев Казахстана, библиотека, танцевальная студия и Федерация малого и среднего бизнеса [6, с.116].

За время существования на казахской земле на сцене корейского театра были поставлены пьесы казахских драматургов-классиков: Г.Мусрепова, М.Ауэзова, О.Бодыкова, Г.Мухтарова, а также Погодина, Гоголя «Ревизор» и др.

На постсоветском пространстве случались межэтнические конфликты. Но Казахстан смог избежать этого благодаря свойственному казахскому народу взвешенной мудрости и принятым правительством мерам.

**Одной из мер по совершенствованию МК является уникальная модель языковой политики «Трехъязычия».**

За прошедшие двадцать лет независимого развития Казахстана один из безусловных успехов страны – выработанная уникальная модель мирного сосуществования многочисленных проживающих в стране этносов и их культур. В настоящее время Казахстан развивает полиязычное образование - освоение казахстанцами казахского, русского и английского языков [7]. Эта модель рассматривается как один из приоритетов развития страны и как путь интеграции ее в мировое сообщество.

Для реализации намеченной языковой политики статус названных языков закреплен конституционно: казахский язык определен как государственный, русский - как язык межнационального общения, английский - как международный язык. Усилия правительства направлены на сохранение баланса между языками путем проводимых мер, с одной стороны, по укреплению государственного языка и, с другой, сохранению многоязычия. При этом Конституция предусматривает равноправное положение русского языка с казахским. Для полноценного функционирования государственного, русского и других языков в Казахстане созданы не только правовые основы, но и институциональные. В стране множество русскоязычных вузов, в том числе и филиалов российских, например, МГУ им. М.В. Ломоносова и др. Что касается школ - 50% являются казахскими, 47% русскими или смешанными и 3% - школы с преподаванием на других языках. Во многих казахстанских школах начато обучение английскому языку с первого класса с сентября 2013 г.

Для реализации доктрины трехъязычия составлен новый ГОСО (Государственный Общеобразовательный Стандарт Образования) коллективом КазУМОиМЯ (Казахским университетом международных отношений и мировых языков) [8]. Государство регулирует языковую политику с приоритетным обеспечением развития государственного (казахского) языка.

#### **Заключение.**

В статье рассмотрены проблемы межкультурной коммуникации в полиэтничном обществе. В качестве примера приведен Казахстан.

